жаңадан келушілердің қабылдаушы ел халқының арасында сіңіп кетумен шатастырмау керек дейді, себебі өздерінің мәдени ерекшеліктерінен бас тарту мигранттар үшін моральды зақымдану айналуы мүмкін, ол қабылдаушы мәдениетке деген олардың тәртібі мен қарым-қатынасына теріс әсер етуі мүмкін. Ресей ғалымдары (В.И. Мукомель, С.А. Дудко) мигранттардың жекелеген санатында, атап айтқанда мигрант-балаларда интеграциялық үдеріс өте қиын өтеді деп есептейді. В.И. Мукомель саналы жасында Ресейге әкелінген «бір жарым буын» өкілдеріне жататын мигрант-балаларды атап өтеді. Бұл санат өте әлсіз болып табылады, себебі социализациясы Ресейде өткен екінші буынға қарағанда «бір жарым буын» шыққан елі, оның дәстүрі мен өмір сапты есінде сақталады. Олар үшін екі түрлі ұқсастылық, өзін мәдени икемденген ретінде түсінетін, қабылдаушы елдің тілін білетін, оларды «бөтен» ретінде қабылдайтын тән бар. Олардың көпшілігінің өмірлік жоспары Ресеймен байланысты емес: әр үштен бірі Отанына қайтып баруға ниетті, тек 2/5 Ресейде мәңгілік қалуды жоспарлауда. Зерттеудің бұл нәтижелері қабылдаушы халықтың интолеранттығымен негізделуі мүмкін: Ресейдің 8 өңірінде 4740 сұрастырғандардың 44% «барлық мигранттар – заңды және заңсыз» – және олардың балалары қуылу керек деп есептейді. Қоғамға мигранттар балаларының интеграциялану проблемасын анықтаумен негізінен педагогтар мен психологтар айналысатынын, себебі мәселе әлеуметтік проблемалар, тілдік бейімделу туралы ғана емес, сонымен бірге педагогтардың мектепте немесе басқада жалпы білім беретін мекемелердегі тәрбиесі, осы санатпен педагогтардың жұмысын атап өтеміз. Мысалы, Москвада жыл сайын дөңгелек үстелдер өткізіліп жатады, оған психологтар, педагогтар, әлеуметтік жұмыс бойынша мамандар мен аралас салалардың мамандары қатысады. Өзінің бір жұмысында М.В. Лазарева білім беру ортада мигранттар балаларының негізгі проблемалар атап өтті:

Біріншіден, класстастарымен қарым-қатынастарындағы қиындықтар. Алдымен, мигрант-балаларға қарым-қатынас дағдысының жеткілікті дамымағаны; екіншіден, мигрант-балалар этникалық шиеленуінің бір түрі ретінде мигрантофобияның көрінісімен кездесу, ондайда айналадағылармен мигранттар әлеуметтік, мәдени, этникалық қауіпсіздікке қауіп-қатер төндірушілер болып қабылданады;

үшіншіден, мигрант-балалардың оқуға үлгерімі нашар, оның себебі негізінен орыс тілін нашар білуі, салдарында – класстастар ортасында өздерін төмен бағалау және баланың әлеуметтік дәрежесінің төмендеуі.

Тілдік бейімделу проблемасын зерттеуші Н. Белолипецких көтерілген болатын. Мониторингтеу зерттеу барысында балалардың мәдени-тілдік бейімделуі өмірдің жаңа жағдайына физикалық және эмоциялық бейімделуге байланысты әртүрлі міндеттерді шешуді көздейді, сондай-ақ белсенді тұрмыстық және жақсы оқу үшін орыс тілін меңгерудің қажетті деңгейіне жетуге, ресей мектептерінің бағдарламасы бойынша жүйелі дайындалуға себебші болады. С.А. Дудконың жұмысында мигрант-балалардың Ресейде интеграциялану барысында

кездесетін бір қатар проблемалар ерекшеленеді. Біріншіден, бұл мигранттар балаларына қатысты мектептегі оқу-тәрбие қызметіндегі проблема, атап айтқанда, мигранттардың балалары үшін арнайы оқытуды ұйымдастыру қажеттілігі арасындағы қайшылықтың болуы және тиісті мамандардың, оқу құралы мен дидактикалық ұсынымдардың, білім берудегі демократияландыру мен гуманизация арасындағы жетіспеушілік және мигранттар балаларын интеграциялаудың біріңғай мемлекеттік бағдарламасының болмауы. Сондай-ақ аталған проблемаға орыс тілінде білім алған жағдайда ана тілін үйренудегі қиындықтар жатады, себебі, мектеп, зерттеушінің пікірі бойынша, балалардың ұқсас емес принципін тану керек және ата-аналардың ұстанымын назарға алу керек, ал олар, өз кезегінде, балалары ресейлік білім беру шеңберінде қосымша ана тілін, ұлттық мәдениеті мен әдебиетін білуін қалайды (сұрастырылған еңбек мигранттардың 70 %).

С.А. Дудконың пікірі бойынша, келесі проблемалар болып отбасының материалдық мүмкіндерімен байланысты оқушы мигрант-балалар отбасының әлеуметтік жағдайы табылады, және білім беру жүйесіне мүмкіндігі, сондай-ақ олардың құқықтық қорғалуы. Өзінің мақаласында зерттеуші, дамыған еуропалық қоғамдастық әлеуметтік және педагогикалық шаралар арқылы мигранттар отбасы мен қабылдаушы елдердің отбасыларының материалдық жағдайына байланысты орын алған қайшылықтарды басу керек екенін атап көрсетті. Ресейде аталған проблемалар өте өткір, себебі, С.А. Дудко айтуына қарағанда, практика теориядан қалып тұр.

Е.И. Суровцеваның зерттеулерінде назар әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеуге аударылады, жұмыстың бұл түрі әлеуметтік-педагогикалық этиологиясы орын алған мигрант-балалардың маңызды проблемаларын шешуге көмек береді. Нефтеюганск қ. мектептері жұмысының практикалық тәжірибесінің негізінде Е.И. Суровцева мигрант-балалардың проблемасы негізінен үш көзқараста екені туралы тұжырым жасады:

1. Оқытудың тілдік проблемалары (оқыту бағдарламасынан айырмашылығы, тілдік кедергі, оқытудағы ұзақ үзіліс, ата-аналар тарапынан көмектің болмауы, оқу жылының басталуына кешігіп келу және оқу жылының соңында ерте кету).

2. Психологиялық проблемалар (жаңа ұжыммен өзара қатынас, жаңа мәдениетке сенімсіздік, қабылдаушы елдің құндылықтарын білмеу, қыздардың еркін болмауы).

3. Әлеуметтік проблемалар (отбасының төмен материалдық табысы, отбасының төмен дәрежесі, мекен-жайын жиі ауыстыру).

Е.И. Суровцеваның пікірі бойынша, жоғарыда көрсетілген проблемалар, оқушы мигрант-балалар мен олардың отбасыларын әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеуді сауатты ұйымдастыру арқылы шешіледі.

Е.И. Исакова мен Д.В. Лазаренко өмір таңдаудың әртүрлі жағдайында оңтайлы шешім қабылдау үшін жағыдау жасауды қамтамасыз ететін тәсілді педагогикалық сүйемелдеу деп түсінеді. М.В. Шакурова аталған түсінікті

педагогикалық өзара ісқимыл деп түсінеді. Әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу педагогикалық сүйемелдеудің бөлігі болып табылады және педагогикалық құралдармен баланың әлеуметтік проблемаларын шешуге байланысты. Демек, Е.И. Суровцова мигрант-балалар мен олардың отбасының әлеуметтік проблемаларымен қатар осындай балалардың мәдени тәрбиелейтін әлеуметтік-педагогикалық сүйемелдеу жүйесін жөнге салуды ұсынады, сонымен олар үшін жаңа қоғамға интеграциялануға көмек беріледі. Мигрант-балалардың интеграциялану проблемасын шешу тәсілінің тақырыбын дамыта келе зерттеуші А.Н. Гуляева білім берудің негізгі міндеті оның ұлты мен дініне қарамастан демократиялық мемлекеттің азаматын тәрбиелеу болып табылады. Білім беру жүйесінің көпұлтты ұжымдарында бұл міндет ұйымдастыру арқылы іске асырылу керек [1]:

- ана тілі ретінде емес орыс тілін оқыту;
- елдің мәдени-тарихи ерекшеліктерімен танысу;
- мигранттар балаларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;
- толеранттық, тренинг сабақтарын өткізу;
- ұжымды біріктіру бойынша іс-шаралар, ұлттық мерекелерді өткізу.

Егер мигрант-балалардың интеграциялану проблемасын шешудің жеке тәсілдерін қарастырсақ, онда зерттеуші:

– мигранттар балаларының әлеуметтік бейімделуі мен интеграциялануын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламаларын;

– олардың меңгеру деңгейін, психологиялық ерекшеліктері мен этномәдени бейімделудің заңдылығын ескеріп бұндай балаларды орыс тіліне оқыту үшін оқу;

– жаңа ортамен, қаламен, елмен мигранттар балаларымен оң байланыстарды орнатуға бағытталған әлеуметтік-мәдени бейімделу әдістемесін әзірлеуді ұсынады.

Зерттелген материалды талдаудың негізінде, қабылдаушы қоғамға интеграциялану барысында мигрант-балалар кездесетін маңызды проблемалардың бірі әлеуметтік-педагогикалық сипаттағы проблемалар табылады, олар мынаны қамтиды: оқу орнындағы жаңа ұжыммен өзара қатынас, оқу бағдарламасын сәтті меңгеру және тілдік бейімділік, мигранттар отбасының материалдық жағдайы, мекен-жайын жиі ауыстыру әдістемесін әзірлеуді ұсынады.

Анықталған проблемаларды шешу үшін мигранттар балаларына қатысты мектепте оқу-тәрбие жұмысын жолға қою қажет, атап айтқанда, мигранттар балалары үшін арнайы оқытуды ұйымдастыру қажеттілігі мен тиісті мамандардың, оқу құралдары және дидактикалық ұсынымдардың арасындағы қайшылықты жою, сондай-ақ мигрант-баланың интеграциялануына тікелей әсер ететін мигранттар отбасының әлеуметтік проблемасын шешудің тиімділігін арттыру үшін білім беру мекемесі және әлеуметтік қызмет арасында байланысты қамтамасыз ету. Демек, баланың интеграциялану бағдарламасын құру және заңнамалық негізде

регламенттеу қажет, ол психологиялық және әлеуметтік проблемаларды шешудің формасы мен тәсілін қамтиды, сондай-ақ баланың тілдік бейімделу деңгейінің артуына себебші болады.[18.]

Мемлекеттік тілді үйрену білім берудегі бірінші кезектегі міндет болып табылады. Мигрант-балаларға орыс тілді үйрену өте қажет, себебі, мемлекеттік тілді білмеу мұғалім және класстастармен қарым-қатынаста қиындықтарға әкеп соғады. Бұдан басқа, тілді жеткіліксіз не толық білмеуден мигрант-балаларға жаңа өмір жағдайына бейімделуде және жаңа мәдениетті қабылдауда қиындықтар туғызады. Сондықтан, Т. Г. Стефаненко атап өткендей, «сәтті бейімделуге бірінші қадам болып тілді білу табылады, ол дәрменсіздік пен тәуелсіздік сезімін азайтпай қоймайды, және «қожайындардың» құрметіне бөленуге көмектеседі.

Орыс тілі сабағында мигрант-балалар негізгі білімді, кластастары және мұғалімдерімен жақсы қатынасу үшін қажетті икемдер мен дағдыны меңгереді. Мигрант-балалар үшін орыс тілі шетел тілі болып табылатындықтан, онда сабақты әзірлеу және өткізгенде шетел тілін үйренгенде пайдаланылатын әдіс-тәсілдерді қолдану қажет деп ойлаймыз.

Алайда, сабақ өткізудің топтық формасын жүзеге асырудың қиындығы, мигрант-балалар орыс тілін әртүрлі деңгейде меңгергенінде болып тұр. Сондықтан осы көрсеткіш бойынша оқушыларды бөлу қажет және орыс тілін жақсы меңгерген балалар үшін бір құру керек, ал белгілі бір қиындықтар шегентіндерге бір топ құру керек. Сондай-ақ, сабақтыңда мазмұны да ерекшеленеді, себебі, орыс тілін нашар білетін балалар үшін тілді үйрену сөздің фонологиялық жағынан бастаған жөнді. Ал, орыс тілін жеткілікті дәрежеде игерген балалар үшін бұл бағыттағы сабақты орыс тілінің грамматикасынан бастаған дұрыс болады.

Тіл ерекшеліктерін үйрену арқылы мигрант-балалар орыстың мінез-құлқының ерекшеліктерін біле алады, себебі, тіл халықтың мінез-құлқын көрсететіні мәлім. Тілде елде қабылданған құнды қатынастар жиналған, әртүрлі жастағы адамдармен қатынасты орнату принципі бейнеленген, қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктері өрсетілген.

Осы бағдарлама бойынша жұмыс істейтін мұғалім сабақ өткізгенде, орыс тілінің мұғалімдерімен тығыз өзара байланыста болу керек. Бұл мигрант-балаларда тілді меңгеруде туындайтын қиындықтарды анықтауға және оларға ерекше назар аудару үшін қажет. Бұл бағыт бойынша жұмыс шеңберінде мигрант-ата-аналар балалары сияқты сабаққа қатысып орыс тілін үйрене алады.

Алайда, бұл бағыт бойынша жұмыс істегенде орыс тілі мигрант-балалар мен олардың ата-аналары үшін бірінші кезекте қатынас үшін керек кеніне назар аудару қажет. Сондықтан сабақ тақырыбын осындай қажеттіліктен таңдау керек (А-қосымшасы).

Еуропа. Бүгінгі иммиграция – Еуропалық Одақтың әлеуметтік-экономикалық саласына қатал сын-қатер. Ол жаңа әлеуметтік ортада қоныс аударушыларды орналастыруға байланысты әлеуметтік проблемаларды

туғыздырды. Олардың көпшілігінің еңбектенуге ниеті болмауына және қоғамның есебіне өмір сүруге ұмтылуына байланысты проблема өзектенуде. Олардың көпшілігінде отбасы және балалары (ылғи молынан) бар, оларды асырау, емдеу, оқыту керек. Осыған байланысты мигранттар проблемасын шешудің іргелі шарттарының бірі қалыпты тіршілік ету жағдайын құру, әлеуметтік игілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін кепіл беру ғана емес, сонымен бірге олардың балаларын оқытуды ұйымдастыру және бейімделу болып табылады. Еуропадамигранттар балаларына білім беру проблемаларын танымал зерттеуші Яна Хуттова айтады: «Еуропаға өсіп келе жатқан көші-қон – Еуропалық Одаққа мүше-елдердің көпшілігінде кәзір халықы өсуінің үлкен факторы. Бұл үрдіс кейбір мектептерде жалпы оқушы санынан жартысын немесе астамын мигранттардан шыққан оқушыларын құрайтын білім саласында көрініс табады. Мигранттар балаларына білім беру экономикалық мәселе ғана емес, сонымен бірге адма құқығы мен саяси құқығы ретінде қарастырылады. Нәтижесінде білім беру ұзақмерзімді интеграция мен әлеуметтік стратегияда негізгі құралы ... және, демек, Еуропалық Одақ саясатының негізгі саласы болды».

Батысеуропалық елдерде жүргізілген зерттеулердің барысында көптеген проблемалар мен қиындықтар табылуда, онымен оқыту және әлеуметтік- мәдени бейімделу барысында, кейін социумге интеграциялануда қабылдаушы елде мигранттар мен олардың балалары кездеседі. Оларды шешу қаржылық шығынды, әртүрлі әлеуметтік топтың арасындағы өзара қатынасты, жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдардың мақсатты жұмысын, діни ұйымдардың қызметін белсендіруді, мигранттар жататын ұлттық- этникалық қауым мен жергілікті билік арасында өзара ісқимылды орнатуды талап етеді.

Аталған зерттеудің мақсаты социологтар мен білім беру мамандарының зерттеу материалдарында Қазақстан және жақын және алыс шетелдерде оралман-балаларына тілді оқыту мен социомәдени бейімделу проблемаларын талдау болып табылады. Бұл проблемаларды көтеру және қарастыру батыс және ресейлік тәжірибені салыстырмалы зерттеу, әлеуметтік өмірдің бұл саласында кедергілер мен шешілмеген мәселелерін анықтау, біздің елде оралман балаларын оқытудың теориясы мен тәжірибесін дамыту үшін маңызы бар.

Осы мақсатта бұдан әрі соңғы жылдары зерттеулердің ресейлік және батыс еуропалық базасында жасалған мигранттар балаларын оқыту және социомәдени бейімделу проблемасын жіктелуі ұсынылады; мигранттар балаларын оқыту жағдайлары және оны арттыру бойынша ұсынымдар қаралатын болады; сондай-ақ оны шешуде оң нәтижелерге қол жеткізілген Ұлыбритания, Израиль, Финляндия, Польша материалдарындағы проблемаларға талдау жүргізілетін болады.

Мигрант балаларды тәрбиелеу және әлеуметтік-мәдени бейімдеу проблемалары: жалпылама-жинақтама/ жіктеу

Батыс Еуропа елдерінде мигранттардың балаларының білім алуына қатысты бірқатар жалпы және қалыптағы мәселелер бар. Олардың ішінде - әлеуметтік-

мәдени бейімделу, қабылдаушы елдің тілін игеру, қабылдаушы әлеуетке-/қоғамға ықпалдасу, білім алушылармен және педагогтармен, сондай-ақ жергілікті тұрғындармен өзара әрекеттесу.

Аталған және және соған қатысты басқа да проблемалар әрбір елде түрлі жолдармен шешіледі – қабылдаушы елдің заңнама, әлеуеттің дәстүрлері, қабылдаушы қоғамның келген мигранттармен қалыптасқан қарым-қатынастары, бюджеттік қаржыландыру, балаларға білім беру үдерісі, белгілі бір елдегі және тіпті белгілі бір білім беру мекемесіндегі білім беру үдерісінің нақты ерекшеліктері, мигранттардың ата-аналарының олардың білім алуы сұрақтарына қатысты көзқарасы-ұстанымы, ата-аналардың мектепке көмектесуге дайындығы және басқа да көптеген факторларды ескеру арқылы әртүрлі шешіледі.

Мигрант-балаларды оқыту үдерісінде үнемі туындайтын әлеуметтік, әлеуметтік-мәдени, этникалық-этникалық, конфессиялық, коммуникативті, гендерлік сипат алуы мүмкін қайшылықтар сияқты маңызды мәселені де ұмытуға болмайды. Олардың қатысушылары, бір жағынан, мигранттардың балалары мен олардың ата-аналары, ал екінші жағынан - жергілікті тұрғындарды, басқа да ұлттық-этникалық қауымдастықты құрайтын оқушылар-**білім алушылар*. Шиеленіске/Жанжалдарға тартылғандар қатарында *кейде* мұғалімдер, білім беру мекемелерінің басшылары, билік құрылымдары, жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдары аталуы мүмкін.

Шиеленістер нәсілшілдік пен нәсілдік кемсітушіліктің, тілдік қарым-қатынастың, мектептің аумағында киім киюдің және сыныпта тікелей қатысатын, тұрақты балалар (мектеп) және спорттық ойындарға қатысатын, дискотекаларға қатысатын, сыныптар мен мектептерде арнайы субмәдениетті және этникалық топтарды құрайтын, қатынастарды нақтылайтын гендерлік қарсылық қағидаты бойынша. Келіспеушіліктер әртүрлі нысандарға ие болады, бұған қоса, массивтік шайқастар мен қару-жарақ қолдану үшін де өте қатал.

Шиеленістер нәсілшілдік пен нәсілдік кемсітушілік, тілдік қарым-қатынаста, мектептің аумағында және тікелей сыныпта ұлттық киім киюде, тұрақты балалар (мектеп) және спорттық ойындарға қатысуы, дискотекаларға баруы, сыныптар мен мектептерде арнайы субмәдениетті және этникалық топтарды құру, гендерлік қарама-қарсылық қағидаты бойынша қатынастарды анықтау көріністері байқалған жағдайларда пайда болады. Келіспеушіліктер әртүрлі формаларға, кейде жаппай төбелесу мен қару-жарақ қолдануға дейін жететін өте қатал сипатқа да ие болады.

Мигрант балалардың қабылдаушы елдердегі оқу процесінде кездесетін кейбір жалпы проблемалары мен қиындықтарын анықтауға ұмтылыс, бірқатар ғалымдардың белгілі бір амал/-қалыппен оларды жүйелеуіне әкелді (5 кесте) [6].

3-кестеде жоғарыда сипатталған бағыттар мигранттар мен олардың балаларының үлкен топтарын қабылдауды жақтайтын және олардың білім беру, әлеуметтік-мәдени бейімделу және әлеуметтік интеграцияның қалыптасқан саясаты бар Батыс Еуропаның кез-келген еліне тән проблемалар арқылы

анықталады. Сонымен қатар, кейбір елдер үшін кейбір проблемалар аса өткір болса, басқалары үшін - ол басқаша. Бірақ, тұтастай/- жалпы алғанда жасалған жіктеу жалпылық сипатта болады. Мысалға, кейбір елдерде тілдік кедергілер бар, бірақ басқаларда олар жоқ деп кесіп айтуға болмас. Олар барлық жерде бар, бірақ олар мигранттардың балаларының топтарына түрлі әсер етеді. Сондықтан да, бұл жерде жақында қабылдаушы елге келген және басқа тілді енді ғана үйренуге кіріскендер және сондай-ақ, тілге бейімделуден өткендер деп ажырата білу қажеттілігі туралы айтуға болады. Тағы да маңызды мәселелердің бірі әр түрлі елдерде әртүрлі жолдармен көрсетілген нәсілшілдік пен нәсілдік кемсітушіліктің көрінісіне қатысты. Алайда, белгілі бір елде мигранттардың балаларын оқытуға қатысты мұндай көріністер мүлдем болмайды деп кесіп айтуға жеткілікті негіздердің бар болуы-екені екіталай.

5 кесте – Мигранттардың балаларының негізгі проблемаларының (қиыншылықтары) жиынтық кестесі 3 сипатта болады

	Әлеуметтік қызмет	Денсаулық	Білім	Құқық
Жеке (қиындықтар) проблемалары	Әлеуметтік-мәдени бейімделу. Әлеуметтік қолдау. Мәдени ерекшелігі. Сексуалдық сәйкестілік. Жынысына сәйкес рөлі. Ішкі нәсілшілдік. Атқаратын жұмысы-қызметі, лауазымы, жұмыс орны	Тамақтану. Жұқпалы аурулар. Сексуалдық және репро-дуктивті денсаулық. Созылмалы аурулар. Психикалық бұзылулар. Көші-қон нәтижесінде травматизм (қоныс аудару, ауыстыру)	Қабылдаушы елдің білім беру жүйесін білмеу. Жеке оқу жетістіктерін тиісті (барабар) бағалау. Ағылшын тілі екінші тіл ретінде. Зерделенетін пәндерді меңгеруде қолдау. Ерекше білім қажеттіліктері бар білім алушыларді қолдау. Тілге қызығатындарды қолдау	Криминалдық топтар. Маскүнемдік және нашақорлық. Жезөкшелік. Құқықтық қиындықтар
Отбасылық (қиындықтар) проблемалар	Негізгі қажеттіліктер. Жұмыс. Тіл және ересектердің сауаттылығы. Отбасы сауаттылығы. Әлеуметтік орта және қолдау. Отбасындағы қатыгездік. Әр түрлі қауымдастықтардағы мүшелік			
Мектеп (қиындықтары) проблемалары	Жүйелі және құзыретті мәдени қолдаудың қол жетімділігі. Ата-аналардың қатысуы. Мектеп мәселелеріне қатысу және бастама. Мектеп қызметкерлерімен өзара әрекеттесу. Нәсілшілдік пен кемсітушілік			
Ортақтастық-қауымдастық (қиындықтар) проблемалары	Әр түрлі қауымдастықтарға жататындығы және олардың қызметіне қатысуы. Нәсілшілдік пен кемсітушілік. Әлеуметтік-экономикалық жағдайлар. Қоршаған ортаның зиянды әсер етуі			

Батыс Еуропа елдеріндегі мигранттардың балаларын оқыту мәселелерін еларалық зерттеу

Еуропалық Одақтың Білім және Мәдениет бойынша Еуропалық Комиссияның Бас басқармасының тапсырысы бойынша тәуелсіз сарапшы профессор Ф.Хекманнның жетекшілігі-мен орындалған «Білім және интеграция. Еуропалық мектептер мен қауымдастықта мигранттардың балаларының интеграциясының стратегиясы» атты еларалық зерттеулердің нәтижелерін талдайық. [7]. Жұмыста ендігі көшіп-қонған мигранттардың балалары, немесе оны жақын арада жасайтын мигранттардың балалары туралы әңгіме болады. Сонымен қатар мұнда балалардың екі ұрпағы салыстырылады: жақында -уақыттан тұратын және қабылдаушы елдерде (соңғы үш-төрт жыл ішінде) оқитындар және осы елдер жерінде туылғандар. Зерттеулер көші-қон қатынастары бойынша классикалық болып табылатын Еуропа елдеріне қатысты: Франция, Германия, Ұлыбритания және тағы басқалар. Көптеген жағдайларда ол ең алдымен проблемаларды қою және оларды шешу бойынша ұсыныстар тұрғысынан эталон болып саналады. Зерттеудің авторлары иммиграцияның өткен кезеңде болғанын және болашақта еуропалық қоғамдардың негізгі ерекшелігін болатындығын атап өтті.

Күшейе түскен миграция Еуропалық Одақтың мәдениеттері бойынша түрліше елдерде иммигранттардың үлестік санының артуына әкеледі. Бүгінгі күні мигранттардың балаларының еуропалық мектептер мен қоғамдарға табысты интеграциясы - бұл экономикалық қажеттілік және еуропалық елдердегі демократиялық тұрақтылық пен әлеуметтік тұтастық-/бірігудің міндетті шарты болып отыр.

Талданатын жобаның ерекшелігі, зертеу мен мәселені тәжірибеде шешу үшін өзекті де маңызды мәселелерді қоя білу ғана емес, сондай-ақ оларды шешу үшін қорытындылар мен ұсыныстарды қалыптастырудан тұрады. Олардың кейбіріне көңіл бөлейік.

Мәселе 1. Мигрант оқушылар жергілікті тұрғындармен салыстырғанда оларды белгілі бір кейбір мектеп типтеріне қабылдауда, олардағы оқу ұзақтығына/-жалғастығына, табысқа жету көрсеткішіне, оқудан шығып кеткендер пайызына, мектептер берген дипломдардың тип-түрлері бойынша тең емес/қолайсыз жағдайға қояды. Басқаша айтқанда, мигранттардың балаларын белгілі бір кемсітушілік бар. Әлеуметтік сипаттағы себептерден басқа, ол сондай-ақ қабылдаушы елдердің мектептерінде, оның ішінде лингвистикалық және мәдени-коммуникативтік білім алу үшін жеткіліксіз дайындықпен де байланысты. Бұл кемшілікті мигранттардың балаларын мектепке дейінгі білім беру жүйесінде оқыту арқылы еңсеруге болады. Осылардан, ұсыныс – олардың мектепке дейінгі білім алуы мен балаларға қамқорлық жасау туралы тиімді жүйе жасау.

Мәселе 2. Иммиграциялық елдердің мәдениетіне интеграциялау/кірігу - олардағы мектептердің басты функциясы болып табылады. Бұл мәселені шешуге бағытталған *ұсыныс* - мигранттардың мәдениетінің элементтері мен рәміздерін мектеп өміріне, оқу бағдарламаларына, оқулықтар мен басқа да мектеп

материалдарына кіріктіру. Бұлар миграциялық қауымдастықтардың өкілдерімен кеңесу арқылы ұсынылады.

Мәселе 3. Жергілікті тұрғындар арасынан да, мигранттардың өздерінің балаларының арасынан шыққан да құрдастар соңғыладың жетістіктеріне айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан мигранттардың балаларының мектептерде тым көп шоғырлануы олардың академиялық жетістіктеріне кедергі келтіреді. Сыныптарда мигранттардың балаларының саны неғұрлым аз болса, олардың оқудағы жетістіктері үшін және жаңа академиялық жетістіктерге қол жеткізуге ықпал ететін жоғары білім бағдарларының пайда болуына жақсы жағдайлар жасалады.

Ұсыныс – мигрант-оқушылардың артық шоғырлануы бар *шоғырланған мектептерді және сыныптарды бөліп кішірейту, балалардың өздерін автобустармен әр түрлі мектептерге жеткізу

Мәселе 4. Дискриминация - мигранттардың жетістіктеріне әсер ететін басты фактор. Мектепте мигранттардың балаларына- оқушыларға қолдау көрсетуден бас тартуы білім берудегі кемсітушіліктің ең маңызды түрі болып табылады. Бұл проблеманы шешуге бағытталған *ұсыныс*, ең алдымен, мұғалімдердің кәсіби дағдысының болуына және мигрант балаларды адекватты/сәйкес оқыту үшін мұғалімнің шеберлігіне ықпалын тигізуі тиіс бастапқы кәсіптік білімі мен олардың арнайы кәсіби біліктілік дайындығы болып табылады. Осы балаларға қолдау көрсету элементі күшейтіліп, оқушылармен тұрақты жұмыс істеу тәжірибесіне енгізілуі керек. Мигранттардың балалары оқитын мектептерде үй тапсырмаларын орындау үшін және оларды сабақ кезінде және одан кейінгі қолдау үшін орталықтар қажет.

5 -мәселе. Алдыңғы проблемалардан мигрант-оқушылардың саны көп мектептерге арнайы және қосымша қаржыландыру қажеттігі келіп шығады. Осыдан туған *ұсыныс* - осындай мектептерге қосымша қаржы ресурстарын бөлу. Сондай-ақ, тиісті қорларды қалыптастыруды тікелей, күнделікті пайдалану үшін қаражат (ақшаны) аударудан гөрі, білімнің бұл түріне инвестиция ретінде қарау/қабылдануы керек.

6- мәселе: мұғалім мен оқушының арасындағы қарым-қатынас кез-келген мектеп және білім беру жүйесі үшін басты болып табылады. Мигранттық оқушыларға қатысты мұғалімдердің төмен нәтижелер күтуі оларға да және басқаларға да теріс әсер етеді. *Ұсыныс* ең алдымен мигрант балалардың алға жылжуынан жоғары нәтижелер қалыптастыратын *педагогтарға қатысты*. Жоғары нәтижелер күту қосымша эмоционалды және академиялық қолдауымен біріктірілуі керек. Оқушылары қатысты қаталдықты күшейту сынақтар мен емтихандар тапсырудан артта қалғандарға жаңа мүмкіндік беруге кедергі келтірмеуі тиіс.

7- Мәселе. Мигранттардың балаларының жетістіктеріне мектептегі мигранттық өткені бар мұғалімдер позитивті ықпал/- оң әсер етеді. Осылайша,

ұсыныс - мигранттық өткені-бэкграунды бар жас мұғалімдерді оқытушылық мансабын жүзеге асыру үшін ынталандыру-көтермелеу керек. Мектептерде өздерінің педагогикалық қызметкерлерінің арасында бұрынғы мигранттар-мұғалімдердің саны көп болуы керек.

Мәселе 8. Мигранттардың ата-аналарының мектептің жұмысына қатысуы және оларға белсенді қатысуы олардың балаларының жетістіктеріне оң әсер етеді. Дегенмен, оқушы мигранттардың ата-аналары көпшілігінде мектеппен байланыс жасамайды. Осыдан шығатын *ұсыныс* - мектеп иммигрант ата-аналарға қатысты белсенді әрекет етуі тиіс. Осы мақсатта ата-аналары этникалық жағынан тұратын ұлттық- этникалық қауымдардың үйлестірушілерінің іс-әрекеттерін жұмылдыру қажет.

9- мәселе. Мигрант балалардың мектептегі жетістіктері ол әртүрлі нысандарда және әртүрлі факторлардың көмегімен көрінетін тәлімгерліктің рөлін арттыру арқылы айтарлықтай тиімді болуы мүмкін. *Ұсыныс* - мектептің басшылығы тәлімгерлердің мектептен тыс жерлердегі - еріктілер қауымдастықтары, қайырымдылық ұйымдары, мигранттар қауымдастықтары, муниципалитеттер арасындағы қызметін үйлестіруі және қолдауы керек. Әсіресе этникалық тәлімгерлік маңызды және табысты болып табылады..

10 - мәселе. Қабылдаушы елдерде мигранттарға және олардың балаларына қатысты білім беру саясатының маңызды бөлігі тілдік мәселені шешу болып табылады. Бұл, бір жағынан, интеграциялық процесті жүзеге асыруға, екінші жағынан, мәдени автономияға құқығы бар мигранттардың ұлттық және автохтонды мүдделерін сақтауға бағытталуы керек. Тіл мәселесін-де мәжбүрлеуге болмайды, бірақ елдің негізгі тіліне оқыту қажет. Осыдан, *ұсыныс* келесідей: қабылдаушы елде мигранттардың балалары оқыту және қарым-қатынас тілін ертерек және тез үйренуге тиіс. Мұндай жұмыс мектепке дейінгі білім берудің негізгі бөлігі және ең басынан-ақ мектептегі білім берудің қажетті шарты болуы керек.

Батыс Еуропадағы мигранттардың балаларының білім беру және әлеуметтік-мәдени бейімделу мәселелерін анықтап, Ұлыбританиядағы олардың білім жетістіктерін және олармен байланысты әлеуметтік әсерлерін қарастыруға көшейік.

Ағылшын тілі үй ішілік қатыныс тілі емес білім алушылардың саны алғаш рет 1,1 миллионнан асты (2014 жылы). Лондонның кейбір бөліктерінде қазіргі уақытта екінші тіл ретінде ағылшын тілінде сөйлейтін балалар оқушылардың жалпы санының төрттен үш бөлігін құрайды, «тілді иеленушілер/таратушы еместер» санының жартысы Слау, Лутон, Лестер сияқты қалалардағы білім алушылардың құрылымын құрайды..

Ұлыбританияда мигранттардың балаларын оқыту мәселесін қарау, ең алдымен, тиісті ұғымды талдауды талап етеді. Грейс Рейнольдс мигранттардың балалары деп Ұлыбританиядан тыс жерде туылған және қазіргі уақытта Біріккен

Корольдікте тұратын 18 жасқа дейінгі балаларды атайды (бұл ұғым- дефиниция Біріккен Ұлттар Ұйымының Бала құқықтары туралы конвенциясында (1989) анықталған «бала» ұғымына негізделген және мигрант анықтамасына (Біріккен Ұлттар Ұйымының 2002 жылғы құжаттары), өзінің туған елінен тыс жерде тұратын адам ретінде) сүйенеді.

Ұлыбританияның білім беру саясатында білім алушының «мигрант» мәртебесі іс жүзінде жоқ екенін атап өткен жөн. Білім алушылар- мигранттардың балалары- көбінесе «EAL» (English as an additional language, ағылшын тілі екінші тіл ретінде) немесе «этникалық азшылықтардың өкілі» санаттарына сәйкес қарастырылады .

«Мигрант балалар» және «ағылшын тілін қосымша тіл ретінде қолданатын балалар» деген ұғымдар сәйкес келмейді, бірақ олар бір-бірімен қиылысады. Және ең алдымен, олар сандық түрде сәйкес келмейді: балалардың екінші тобы үлкенірек/көбірек , өйткені барлық EAL - мигранттар емес. EAL тұжырымдамасына Ұлыбританияда туылған оқушылар кіреді, олардың ішінде ағылшын тілі негізгі тіл болып табылмайды, сондай-ақ шетелде ағылшын немесе халықаралық мектептерде білім алған екі тілдегі*- билингвтер. Сондай-ақ, ағылшын тілі негізгі тіл ретіндегі мигранттар мәртебесі бар білім алушылар тобы бар екенін де ескеру керек.

Мигранттардың балалары туралы нақты статистика жоқ. Олардың саны туралы бағалау қиын, себебі мектеп жасындағы барлық балалар мектепке бармайды.

Көптеген мектептерде, «этникалық азшылық өкілі», «Мигрант», «EAL» сияқты әлеуметтік топтарға ешқандай статистика жоқ, өйткені ата-аналар да, мектеп әкімшілігі де оны тіркеуге міндетті емес,. [10] Сондай-ақ, мұндай балалардың саны кейбір аймақтарда оқушылардың жалпы санының үштен екісін құраған жағдайларда «этникалық азшылық» ұғымын/-тұжырымын қолдануда/ пайдалануда екімәнділік/екіүштылық тудыратынын түсіну керек.

Осы әртүрлі ұғымдарға апелляция олардың тіркеген әрбір феноменнің ерекшеліктері оларды шешудің өзіндік-арнайы құралдары бар өзінің мұқият сараланған проблемаларын талдауды керек ететінің көрсетеді. Дегенмен, білім беру саласында әлеуметтік саясат сияқты феноменмен біріктірілген және көп жағдайда олар үшін сәйкестендірілген/бірыңғайландырылған, олардың ерекшеліктерін есепке ала отырып құрылған осы қауымдастықтардың (мигранттардың балалары, EAL, этникалық азшылық өкілдерінің балалары) дамуының жалпы/ортақ тенденциялары бар.

Көші-қон саясатының оқу компонентінің тиімділігі тек кешенді пәнаралық ғылыми ұстаным/тәсіл ғана қамтамасыз ете алады . Британдық зерттеушілер мигрант балаларды оқыту/білім беру мәселесінің өзектілігін және маңыздылығын мойындай отырып, бұл белгілі бір дәрежеде зерттелмеген тәжірибе саласы екенін көрсетеді .

Магистральным Ұлыбританиядағы білім саясатының басты* бағыты мультикультуралистік ұстанымның орнына келген, қарсыластары белсенді теріске шығарған және теріске шығарып жатқан инклюзивті білім концепциясы болып табылады. . 1999 ж. білім Департаменті бұл бағытты заңнамамен бекітті, инклюзивті білім концепциясын жүзеге асыру бойынша мұғалімдерге арналған ұсынымдама әзірленді.

Бұл концепция 1994 ж. ЮНЕСКО (UNESCO) анықтаған Salamanca Statement and Framework for Action on Special Needs Education интеграциялануы принципі/қағидатына негізделген. Мигранттардың балаларына инклюзивті білім берудің басты міндеті – - тең мүмкіндіктер, кемсітушілікке жол бермеу, мектепті «қонақжай қоғамдастық» және әрбір адамның мәдени өзіндік ерекшелігін сақтау және дамыту жағдайларын қамтамасыз ету негізінде сапалы білім беру. Инклюзивтік білім берудің негізгі сипаттамасы, ол барлық оқушыларға қатысты, бірақ «тізімнен шығып қалу/ескерілмей қалу немесе маргиналдануға ұшырау қаупінде тұрғандарға ерекше назар аудара отырып» қолданылады.

6-кесте – Оқушылар/білім алушылар топтарының EBacc алуының динамикасы (% бойынша)*

Оқушылар топтары	2011 ж.	2012 ж.	2014 ж.
Білім алушылар – тілді таратушылар	15.5	16.2	22.5
EAL оқушылары/білім алушылар	14.4	16.0	24.4

* *Ескерту:* Кесте Pupils with English as a second language 'outperform native speakers' // The Telegraph. 2014. 05 March мәліметтері негізінде жасалған.

Иммиграцияның білім беру жүйесіне әсер етуін реттеу саясатын сипаттайтын болсақ, Ұлыбританияның білім министрлігі жергілікті билік органдарын мигранттардың балаларын мектеп орындарымен қамтамасыз етуде олар икемді түрде пайдалана алатын, нысаналы әдіспен жеткілікті ресурстарды қамтамасыз ету мақсаттында гранттық қаржыландыру бағдарламасын жүзеге асырып жатқанын айта кету керек. Білім беру департаментінің 2014 жылғы баяндамасында: «Біз жергілікті билік орындарына жаңа мектеп орындарын құру үшін 5 миллиард фунт көлемінде қаржы бөлдік, бұл бұрынғы үкіметтің осыған сәйкес уақыт кезеңі үшін бөлінген сомасынан екі есе артық, сондай-ақ тағы да 2,35 миллиард фунт стерлинг 2017 жылдың қыркүйегінде қажетті орындарды құруға мүмкіндік жасайды. Мұның бәрі қазірдің өзінде 260 мыңнан астам жаңа мектеп орындарын құруға әкелді» делінген .

Мектепті қаржыландыру - «қажеттілік негізінде, білім алушылардың арнайы білім сұраныстарына сай, ана тілі болып табылмайтын ағылшын тілін де, немесе бейімделу үшін керек қосымша уақыт қажеттілігін негізге алады». Жергілікті билік органдары осы қажеттіліктерді ескере отырып өз қаражатын қалыптастыра алады».

Мигранттардың балалары және ағылшындық бакалавриат (ЕВАСС).

Ұлыбританияда көші-қон проблемаларын шешудегі білім беру жүйесінің ролі өте жоғары деңгейде бағаланып отыр, себебі* нақ сонымен иммигранттардың балаларының өмірлік мүмкіндіктерін арттыра алатындықтан, және де олардың ата-аналарының әлеуметтік және мәдени интеграциясына жанама түрде ықпал ететіндіктен одан үлкен нәтиже күтеді. Бұдан басқа, білім берудегі инвестиция болашақ әлеуметтік тәуекелдерді азайтудың тиімді стратегиясы ретінде қарастырылады.

Білім беру саясатының тиімділігінің көрсеткіштерінің бірі мектеп оқушыларының жалпыұлттық емтиханының нәтижелері болды. Білім беру департаментінің соңғы басылымдары EAL тобының оқушылары/білім алушылары GCSE1-дің бірқатар академиялық пәндерін меңгеруде тіл иелерін басып озып, неғұрлым жоғары білім деңгейін көрсетеді. Ресми деректерге сүйенсек, 2014 жылы алғаш рет бұл оқушылар ағылшын тілін өздерінің ана тілі санайтын сыныптастарына қарағанда негізгі пәндер бойынша жоғары баллдар алған. Білім министрі Лорд Нэш ағылшын тілінің (English Baccalaureate) бакалавриатында EAL неғұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізеді.

Тілдің иелері емес білім алушылар әрине, шет тілдерінен, математика, жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар бойынша жоғары білім деңгейін көрсетеді. Тестілеудің ең нашар нәтижелері ақ британдық ерлердің жұмысшы/-еңбекші отбасыларындағы әлеуметтік тобында анықталды.

ЕВасс білім беру саясатының құралы ретінде білім алушылардың назарын GCSE негізгі академиялық пәндеріне аударуға тырысып, оның бесеуі ЕВасс сертификатын алу үшін АА деңгейінде (А-Г жеті ұпайлық жүйеден) бағалануы керек. білім алушылардың әр түрлі топтарының ЕВасс тапсыру/алу динамикасын бағалай отырып (кесте 6), үкіметтің ЕВасс көмегімен GCSE –ң академиялық оқу пәндерін зерделеуді/ оқып үйренуді өзекті етуге тырысуы-ұмтылуы өзінің нәтижелеріне жеткенін атап өтуге болады.

Дегенмен, әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдерінің жоғары білімге қол жеткізуіне мүмкіндік беру міндеті өте едәуір дәрежеде мигранттардың балаларына, әдетте, EAL *оқып-тапсыратындарға* қатысты болды. Бұл білім беру саясаты жергілікті халықтың кедей топтарының өкілдеріне әсер етті. ЕВасс-ны ақ балалардың, жұмысшы табы өкілдері балаларының жетеуінен тек біреуі ғана алды. Лордтар палатасында осы мәселені талқылау ағылшын тілін тасымалдаушы/иегері емес балалар, әсіресе, мигранттардың балаларының мектептерде болуы, мектеп жұмысының нәтижелілігі мен тиімділігін, қорытынды

емтихандар деңгейінде болса да көтеруі мүмкін екендігі туралы ойды-/идеяны атап көрсетуге әкелді.

Мигранттардың білім беру қызметінің жетістігі: «Лондондық әсер». Британдық білім беру саясатының тиімділігінің тағы бір көрсеткіші соңғы үш жылда әртүрлі ғылыми орталықтар өкілдерімен анықталған «Лондондық әсер» деп аталды.

Бристоль зерттеу университетінің 2014 жылғы қазанда Centre for Market and Public Organisation орталығы жүргізген зерттеуінде, Англияның мемлекеттік орта мектептердің барлық оқушыларының 2013 жылдан бергі GCSE мәліметтері/деректері бағаланды. Нәтижесінде, лондондық мектептерде оқушылардың оқу қызметінде, Англияның басқа бөліктеріндегі оқушылардың осыған ұқсас көрсеткішінен жоғары(стандартты ауытқу 9,8% жоғары), елеулі жетістіктері барлығы байқалды.

Лондонда 16 жастағылардың 61% жуығы бітіру емтихандарында, соның ішінде негізгі пәндер- ағылшын және математикадан жоғары деңгейде А–С алды. Бұл Шығыс Мидленд, Йоркшир және Хамберге (53%), Солтүстік-Шығыс Англия және Батыс Мидлендге (54%) және Солтүстік Батыс Англияға (55%) қарағанда жоғары көрсеткіш.

«Лондондық әсердің» негізгі себебі – жақында келген мигранттардың үлкен ағымына байланысты мектеп оқушыларының этникалық құрамы болып табылады. Этностық факторы статистикалық есептеуде жойылса/-есептелмесе, бұл әсер-нәтиже жоғалады.

Үлгерім көрсеткіштерінің өсуі мотивациялық сипаттағы субъективті факторларымен тікелей байланысты. Профессор С. Бёрстесс салыстырмалы түрде жақында келген иммигранттардың балалары «... орташа алғанда, британдық отбасылардан шыққан ақ нәсілдіге қарағанда, білімнен жоғары үміттер мен нәтижелерге» ие болып жатқанын айтады. Сондықтан Лондонда білім беруді дамытудың кілті мигранттарды және жақсы өмірге ұмтылатын адамдарды тарту болып табылады » деп атап көрсетеді .

Зерттеу нәтижелері/қорытындылары бойынша мигранттары көп мектептер мен этникалық азшылық арасындағы білім алушы-оқушылары бітіру емтихандары үшін жақсы нәтижелерге қол жеткізді, өйткені олардың барынша анықталған мотивациясы/уәждемесі және «күшті» еңбек этикасы бар [20]. «Understanding the success of London's schools» - «Лондон мектептерінің жетістіктерін түсіну» жобасының авторлары «Лондон әсерін» құруда маңызды рөл атқарған әлеуметтік және саяси бастамалардың кешенінің табыстылығын мойындайды.

Тұтастай алғанда, бұл нәтиже тиімді көпұлтты мектептік жүйені құруға байланысты білім беру және әлеуметтік сипаттағы себептердің, жағдайлардың, факторлардың тұтас кешені. Оны талдау барысында, осы жүйенің қалыптасуына өздерінің іс-әрекеттерімен қоғамдық, әлеуметтік топтар мен мигранттардың ата-аналары үлкен үлес қосқанын ескеру керек .

Мектептерді зерттеудің тұтастай кешенінің қорытындысы мигранттардың балаларының әлеуметтік тұтастығын/қоғамдастығын көп жағынан «ақтауға/оңалтуға» мүмкіндік береді. Олар мектеп ұжымдарының этникалық әртүрлілігін қамтамасыз етеді, бұл олардың әлеуметтік үйлесімділігін арттырудың шарты болып табылады, мектептің білім беру қызметінің тиімділігі мен тиімділігіне ықпал етеді. Олардың қатысуы оқу орындарына, әсіресе оқушылардың жалпы саны азайып бара жатқан аймақтарда мектептерге шынында да/ академиялық тиімді.

Анықтама үшін: Орта білім туралы жалпы сертификат (GCSE) - Ұлыбритания мен Солтүстік Ирландияның білім беру стандарттарына сәйкес орта білімнің соңғы сатысы болып табылатын 14-15 жылдық білім беру бағдарламасы. GCSE сертификатын алу және одан кейін екі жылдық A-level или International Baccalaureate А-деңгей немесе Халықаралық бакалавриат бағдарламалары Ұлыбритания университеттеріне түсуге ниет білдірген студенттер* үшін міндетті болып табылады. GCSE емтиханы - бірыңғай жалпыға бірдей емтихан, оның қорытындысы бойынша жеті ұпай шкаласымен «А» -дан «G» -ке дейін баға қойылады. Егер білім алушы кемінде бес пәннен жоғарғы (A, B немесе C) үш баллдан біреуін алған болса, емтихан сәтті тапсырылған болып саналады. Евасс, атауында «бакалавр» деген терминнің бар болуына қарамастан, Халықаралық Бакалавриаттан (IB Дипломдық Бағдарламасы) айырмашылығы университеттер мен жоғары оқу орындарына түсуге құқық бермейді. Ұлыбританияның Университетіне және бүкіл әлемдегі университеттерге түсу-кіру үшін GCSE және GCE Advanced Level емтихандарын тапсыру керек. «Ағылшын тілі бакалаврының сертификаты» ұсынып отырған біліктілік Англиядағы GCSE-ке қосымша ретінде ұсынылған және оқытудың мотивациялық/ынталандырушы факторларының бірі болып табылады. Үкімет екі жылдық курстың (модульдік оқыту жүйесімен емес) соңында қабылдануы тиіс ағылшын, математика, шет тілі, тарих немесе география сияқты пәндер бойынша және GCSE деңгейіндегі екі ғылыми пәндерден /GCSE деңгейінде/ емтихандарға «қатаң» ұстаным/көзқарасты жоспарлағанын мәлімдеді. Евасс енгізудің себебі - шет тілдерін және ғылыми пәндерді оқитын студенттердің санының азаюы. Евасс әлі Ирландияда, Уэльсте, Шотландияда (Біріккен Корольдіктің қалған бөлігінен жеке біліктілік жүйесі бар) қабылданған жоқ. [19].*

Израиль. Израиль 12 жыл оқиды. Міндетті білім туралы Заң 6 жастан 16 жасқа дейінгі балаларды тегін оқытуды көздейді. Оқуды жалғастыру он алты жастан кейін міндетті емес (заң бойынша), бірақ оқыту бәрібір де мүлдем тегін болып қала береді.

Мемлекеттік мектептерде оқу жылы тамыз айының соңында немесе қыркүйек айының басында басталады және маусымның соңында, дәлірек айтқанда, білім алушының жасына және оның сыныбына байланысты болады.

Мерекелер мен демалыстар: барлық еврей мерекелері - Пасха апталығы, Суккот, Ханукка, Пурим апталығы және Тәуелсіздік күндерін қоса алғанда, оқу күндері емес күндер болып табылады/саналады.

Израильде қадамдық білім беру қабылданады: 6 жастағы бастауыш мектеп, 3 - орта мектеп, 3 - үшінші деңгейлі «тихон» мектебі.

Бастауыш мектеп. Дайындық тобының соңында жаңадан қабылданған мектеп оқушылары бастауыш мектептің 6-сынып оқушыларына арналған бірінші сыныпқа кіреді. Біріншіден алтыншы сыныпқа дейін («ВАВ» класындағы «Алеф» класындағы). Бастауыш мектепте балалар еврей (оқу, жазу, грамматика, сөйлеу дағдылары), математика, ТАНАХ/ТАНАСН, тарих, география және ағылшын тілдерін үйренеді. Сондай-ақ музыка, сурет салу, жұмыс, ырғақ және дене шынықтыру сабақтарында да сабақтар бар. Сабақ, әдеттегідей, сағат 8-ден 13 сағатқа дейін жалғасады. Израильдің бастауыш мектебіндегі оқыту жүйесінің айрықша ерекшелігі - үй тапсырмасының болмауы. Мұнда шынында да әділеттігін айту керек, бірінші сыныпта оқушылардың назарын фактілерді талдау мен салыстыру үшін емес, мүмкіндігінше көп материалды (қарапайым есте сақтау) меңгеруге аудару қажет деп саналады.

Мектеп аралық деңгей. 12 жастан 15 жасқа дейінгі (7-9 сыныптар, «заин» - «тет» сыныптары) жасөспірімдер орта мектепте оқып жатыр, оның басты міндеті оқушыларды жаңа оқу формаларына және орта мектепке деген жоғары талаптарға сай болуға дайындау. Бұл кезеңде, кейбір пәндерде, сыныптың кіші топтарға бөлінуі жүргізіледі: оқушылардың орындау қабілеттері мен үлгерімдеріне сәйкес. Сыныпты 2-3 топқа бөліп, мұғалім оқушылардың жеке қабілеттеріне сәйкес әртүрлі деңгейде өз пәнін оқытуға-үйретуге мүмкіндік алады.

Тихон. Ақырында, 15-тен 18 жасқа дейінгі (10-12 сыныптар, «YUD-YUD-BET» сабақтары) мектеп оқушылары соңғы және одан да күрделі, білім беру сатысын күтеді. Тихон білім алушыларды емтихан тапсыруға және диплом алуға дайындайды (багрут). Тихонда оқу бағыты мен деңгейін таңдауға болады. Оқу бағдарламасында міндетті пәндерден және білім алушылардың өз мүдделері мен қажеттіліктеріне сәйкес дербес таңдағандарын қамтиды.

Тихондардың бірнеше типтері бар: академиялық (кең профильді жалпы орта мектептер, ондағы оқу багрутке емтихан тапсырумен аяқталады), кәсіптік, онда оқушының мамандық алуға да мүмкіндігі бар; мұндай көптеген мектептерде 13-14 сыныптар бар, оларды аяқтаған соң, мысалы, техник немесе кіші инженер болып шығады. 12 сыныпты бітірген соң, оқушы кәмелеттік аттестатқа емтихан тапсыра алады, немесе мектепті аяқтағаны туралы анықтама алуына болады.

Израильде мектептердің бірнеше типтері бар. Атап көрсететін болсақ: мемлекеттік мектептер (ондағы оқыту халық ағарту министрлігінің берген стандартына сәйкес жүргізіледі; мұнда балалардың 70%-дан астамы оқиды), мемлекеттік діни мектептер (бұл жерде де ағарту министрлігімен құрастырылған бағдарламалармен оқиды, дегенмен уақыттың көп бөлігі және басты назар діни

пәндерге аударылады; мұнда елдегі балалардың 25%-ы оқиды) және тәуелсіз білім беру жүйесінің ортодоксальді-діни мектептері (бұл мектептер ағарту министрлігіне бағынысты емес және діни пәндерді тереңдетіп оқытуға бағытталған өзінің оқыту бағдарламасын әзірлейді – әдетте, жалпы білім беруге нұқсан келтіреді; мұнда 5%-дан аздау балалар оқиды, және ер балалар мен қыз балалар бірінші сыныптан бастап бөлек оқытылады). Сонымен қатар әртүрлі бейіндік мектептер бар. Мысалы, өнер, ғылым немесе технология мектептері. Әдетте, бұл аралық және үшінші сатыдағы мектептер. Олардың ағарту министрлігімен қарастырылған бағдарламалары ауқымды, және ондағы ата-аналар оқытудың бір бөлігіне ақысын төлейді. Жеке мектептер де орын алған – олар көп емес, және де ондағы оқыту ақылы. Олар министрліктің бағдарламасын ұстанады, бірақ өздерінің жеке оқыту әдістемелері бар.

Кәметтік аттестат алу (багрут). Израильде багрут алу оңай деп айтуға болмайды. Оны алуға емтихан тапсырған оқушылардың шамамен жартысына жуығы алады. Багрут алу үшін міндетті пәндерден жазбаша мемлекеттік емтихан тапсыру қажет, олардың ішінде: иврит, ағылшын, математика, ТАНАХ және басқалары, сонымен бірге бірнеше таңдау пәндері бар.

Жаңа репатрианттар, келгеннен кейін 4 жыл ішінде емтихан тапсыруға жеңілдік алуға құқылы: олар гуманитарлық пәндерді жеңілдетілген бағдарламамен тапсырады, қалғанын – жазбаша төл тілінде, немесе ауызша ивритте тапсыра алады. 2 шет тілі оқытылатын мектепте, репатриант екінші пәннің орнына өзінің ана тілінде емтихан тапсыруға құқылы [20]

Көптеген мектеп жасында балалары бар репатрианттардың, Израильдің мектебінде оқу олардың балалары үшін қаншалықты қиын болатындығы жөнінде сұрақтары көп: себебі онда бәрі ивритте, ал оқуды Израильге келген сәттен бастау қажет. Бұл, сөзсіз, оңай емес, сондықтан да мектептерде алғашқы кезде оқытудың арнайы жеңілдетілген нұсқалары қарастырылады.

Репатриант балаларға иврит және тілді білуге тікелей қатысы бар пәндерден арнайы қосымша сабақтар ұйымдастырылады (мысалға, ТАНАХ және әдебиет). Басқа пәндерді – мысалы, ағылшын, математика және физика – репатриант қалыпты сабақтарда басқаларымен бірге оқиды. Репатрианттары көп мектептер, оларға арнайы бейімделу сыныптарын ұйымдастырады. Сонымен бірге кейбір қалаларда балалар 12 жастан бастап мектеп оқушыларына арналған арнайы ульпандарға (ивритті оқытатын мектептерге) бара алады.

Әдетте, репатрианттарды сыныптарға олардың жас ерекшеліктеріне қарай бөледі, дегенмен көп жағдайда (көбінесе, жоғарғы сынып оқушыларына) бір сыныпқа төмен түсу ұсынылады, бұл оларға бейімделуге және үлгерімі бойынша көп алшақтық болмауы үшін қажет, себебі оларға емтихандарға дайындалуға уақыт керек. Израиль мектептерінің спецификалық ерекшеліктерінің қатарында кеңестік психологиялық қызметтің барын атап өтуге болады. Бұл қызмет түрінің кеңесшісі баланың бейімділігіне қарай мектеп таңдауға көмектесе алады. [21]

Тіл саясаты. Израильдің негізі қаланған күннен бастап, тіл саясаты ұлтты шоғырландыру және біртұтас мәдениет қалыптастырудың маңызды құралы болды. Идиш, неміс және басқа да «галута» тілдері қабылданбады, ал иврит еврей-израиль азаматтарын ұлттық сәйкестендіру белгісі ретінде тіл болып жарияланды. Тек соңғы жылдары бұл саясат қате деп танылды және отбасындағы қарым-қатынаста қолданылатын диаспора тілдерін сақтауға ұмтылу үрдісі белең алды. Мектептерде орыс тілі мен әдебиеті пәндерінен факультативтік оқыту курстары енгізілді. 1997 жылға дейін Израиль мектептерінде орыс тілін ана тілі ретінде оқыту бағдарламасы қолданыста болған (оқушылардың қалауы бойынша). Ол сонымен бірге әдебиетті оқытуды қамтыды. Осы бағдарламаға сәйкес мектеп оқушылары жыл сайын емтихан тапсырды, алған бағалары кәмілеттік аттестатқа қойылды. Оқушылар саны жыл сайын өсіп отырды (1991 жылы 102, 1992 жылы 856, 1997 жылы шамамен 2 100). Бірақ, орыс тілін жеткілікті деңгейде меңгерген оқушылар санының көбеюіне байланысты, орыс тілін шет тілі ретінде оқыту жөнінде шешім шығарылды, және де 1997/1998 оқу жылынан бастап, грамматиканы оқытуды, тілдік этикет және жеңіл тексттерді оқуды қамтитын жаңа бағдарлама енгізілді. 2002 жылы осы бағдарлама бойынша шамамен 10 000 мектеп оқушысы білім алды. 2003/2004 және 2004/2005 оқу жылдарында орыс тілінен кәмілеттік аттестатқа 2 400 адам емтихан тапсырды. Оқыту 7-сыныпта басталады және соңғы 12-сыныпта аяқталады, кейбір жағдайда, жеңілдетілген бағдарлама бойынша — ертерек. Мәдени факторларды ескере отырып, Израиль балаларына арналған жаңа орыс тілі оқулықтары шығарылды. Оларда тек грамматикалық жаттығулар ғана емес, орыс классикалық әдебиетінің туындыларынан мәтіндер берілген. Әзірге мұндай оқулықтар екеу: жаңадан бастағандарға және ең жоғары деңгейге арналған. Қалғандары бойынша жұмыс жақын арада аяқталады. Осылайша, міндетті шет тілі – ағылшын тілінен бөлек, оқушының таңдауы бойынша орыс тілін шет тілі ретінде оқуға мүмкіндігі бар. Дегенмен мектептерде орыс тілін оқыту жақсы жолға қойылмаған: кейбір мектептердің директорлары орыс тілінің маманын шақыруға асықпайды, ал екінші шет тілі ретінде орыс тілі тек француз тілі ғана емес, сонымен бірге, израильдіктер үшін білу маңызды болып табылатын, араб тілімен де бәсекеге түседі. Мектеп оқушыларын орыс тіліне оқытудың басқа да жолдары бар. Алдымен, МОФЕТ жүйесінде — физика-математикалық бағыттағы және гуманитарлық ғылымдарды орыс тілінде оқытатын кешкі мектептер желісі. Бұл мектептердің бағдарламасы негізгі мектеп бағдарламасын толықтырады. Мұғалімдері – Ресейден келгендер, көп жағдайда бұрынғы физика-математикалық мектеп мұғалімдері. Бээр-Шевте «Импульс» орыс кешкі мектептер желісі құрылған. Сонымен бірге, мектептен тыс сабақ беретін мұғалімдер ұйымдары бар, орыс тілін үйрететін клуб, үйірмелер ұйымдастырылады және т.б. Шет елдерде орыс тілін оқытуда педагогтар бүгінгі күні мүлдем жаңа міндеттерге кез болуда. Мысалы, тұрмыстық деңгейде тілді білетін жастар, жаза алмайды, тілдік этикетті, тұрмыстық деңгейде

пайдаланбайтын сөздерді білмейді. Көптеген сөздер мен тілдік орамдарды білмеуі, сонымен бірге, орыстардың өмір шынайылығынан хабарсыз болуы, орыс классикасының шығармаларын оқуда оларға орасан қиындық туғызады. Одан бөлек, мұндай тіл топтарындағы білім алушылардың білім деңгейлері әртүрлі, ал олардың өз білімдерін бағалауы көбінесе объективті емес. Осының бәрі оқытуды қиындатады. Сондықтан әртүрлі елдердегі орыс тілін оқытушылар (Израильде, АҚШ, Германияда) жаңа әдістерді әзірлейді [22].

Көмекші сабақтар. Репатриант мектеп оқушыларының сыныптастарынан қалуын жою үшін мектеп аясында топтық қосымша сабақтар алуға құқығы бар. Қосымша сабақтар оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес, мектепте осы мақсатқа бөлінетін оқу сағаттарының шеңберінде беріледі. Бастауыш мектептер: бастауыш мектептегі репатриант мектеп оқушылары келесі қосымша сабақтарды алуға құқылы: иврит, ТАНАХ, грамматика және қажеттілігіне қарай басқа да пәндер. Мектеп жалпы субсидияланған қосалқы сағат санын негізге ала отырып, репатриант - оқушылар үшін қосымша сабақтарды қаржыландыру туралы шешім қабылдайды. Толық емес орта мектеп: орталау мектептердің репатриант-оқушылары, олардың Израильге репатриациялану күндері мен оқушылардың санына сәйкес қосымша сабақтарды ала алады. Орта мектептер: әрбір репатриант-оқушының үш жыл көлемінде аптасына бір қосымша сабақ алуға құқығы бар. Одан бөлек, кәмелеттік аттестатқа кемінде үш пәннен емтихан тапсырушы 11 және 12-сыныптардың репатриант - оқушылары, аптасына тағы бір академиялық сабақ алуға құқылы. Көмекші сабақтар топпен ұйымдастырылады. Мектепте репатриант оқушылардың саны неғұрлым көп болса, тиісінше мектеп те қосымша сабақтарға көбірек сағат бөле алады. Репатриант - оқушыларының саны аздау мектептерде, сәйкесінше, қосымша сабақтарға берілетін сағат сандары да аз болады. Репатриант - оқушыларға көрсетілетін көмек әр оқу жылының басында басталады. Бұл, өз кезегінде, әрбір оқу жылының ортасында репатриацияланған оқушы тиісті көмекті келесі оқу жылының басынан бастап алатынын білдіреді. *Жеңілдетілген емтихан тапсыру шарттары:* Репатриант – оқушылар кәмелеттік аттестатқа емтихан тапсыру барысында жеңілдіктер алуға құқылы. Оқушы – ІІМ репатриант болып танылса және оқу жылын Израильде оған 15 жас толғанда бастаған болса, жаңадан келген репатриант болып саналады. Оқушы – ІІМ репатриант болып танылса және оқу жылын Израильде оған 12 жас толғанда бастаған болса, «байырғы» оқушы болып саналады. Оқушы - ІІМ қайтып оралған израильдік деп танылса, ата-анасымен шет елде 4 жылдан артық үздіксіз тұрған болса және 13 жасқа толғаннан кейін қайтып оралса, қайтып оралған израильдік деп саналады. Бұл оқушы, «байырғы» оқушымен бірдей, барлық аталып өткен жеңілдіктерге құқылы. Кәмелеттік аттестатқа экстернмен емтихан тапсырушы репатриант - оқушы, кәмелеттік аттестатқа жай емтихан тапсыратын репатриант – оқушының құқығымен бірдей жеңілдіктерді ала алады. Жасы 18-ге толып кеткеннен кейін репатриацияланған оқушы, кәмелеттік аттестатқа жай емтихан

тапсыратын репатриант – оқушының құқығымен бірдей жеңілдіктерді, репатриация мезгілінен бастап санағанда 6 жыл ішінде пайдалануға құқылы. Репатрианттар және қайтып оралған азаматтар, жоғарыда аталып өткен жасы 18-ге толып кеткеннен кейін репатриацияланған, кәмелеттік аттестатқа экстернмен емтихан тапсыратын репатриант – оқушыны санамағанда, кәмелеттік аттестатқа емтихан тапсыру барысындағы жеңілдік шарттарын 22 жасқа толғанша пайдалана алады. Оқушы – жаңадан келген немесе «байырғы» репатриант емтиханның әрбір сағатына 15 минут қосып ала алады. Репатриант – оқушылар (ивритті білуге тапсырылатын емтиханнан басқа) барлық емтиханда сөздік қолдана алады [23.].

Жаңадан келген репатриант – оқушылар, тұрғындары көп үлкен қалалардағы жаңадан келген репатриант тұрғындардың тұрғылықты жерлеріндегі МАТНАС-тарда (мәдени орталықтарда) жұмыс жасайтын Алий және интеграция Министрлігінің арнайы бағдарламасының аясында қосымша сабақтар мен үй тапсырмаларын орындау кезінде көмек ала алады. Мұндай бағдарламаға қатысу үшін ақпаратты МАТНАС-тан немесе абсорбция жөніндегі өзіңнің жеке кеңесшіңнен алуға болады.

Қаржылай көмек: Оқушы-репатрианттар оқулықтар, мектеп құралдарын алуға кететін, экскурсиялар және мәдени іс-шараларға арналған шығыстарды төлеуде жеңілдіктерді пайдалана алады. Оқулықтарын оқу жылы басталғанға дейін алған оқушылар ішінара өтемақы алады. «Оқушы-репатрианттардың абсорбция себеті» деп атау келісілген бұл көмекті, тікелей мектеп өзі орындайды. Көмек алуға құқығы барлар: екі оқу жылының барысында бастауыш сыныптардың оқушылары, оқу жылының соңғы үш жылында орталау және орта мектеп оқушылары. Көмек шамасы оқу шеңберіне, елде болу мерзімі және шыққан елдеріне байланысты. Отбасында екі немесе одан көп балалары бір мектепте оқитын, толық емес отбасы және ауыр экономикалық жағдайдағы отбасылар қосымша жеңілдіктер алуға құқылы (бұл көмек жаңадан келген, сонымен бірге байырғы репатрианттарға да көрсетіледі). Жеңілдік алу критерийлері туралы мектептен білуге болады.

Ұлттық сақтандыру қызметі (Битуах-Леуми) жыл сайын 6 жастан 14 жасқа дейінгі аралықта балалары бар, келесі критерийлерге сәйкес келетін отбасыларына көмек көрсетеді: толық емес отбасы және ажырасу процесіндегі отбасы (бекітілген критерийлерге сәйкес келген жағдайда); ата-аналарынсыз репатриацияланған балалар; Ұлттық сақтандыру қызметінен келесі жәрдемақы түрлерінің бірін алатын, төрт немесе одан көп балалары бар отбасылар: ең төменгі күнкөрісті қамтамасыз ету бойынша, қарттыққа, мүгедектікке байланысты, асыраушысынан айрылу; жәбір көретін әйелдерге арналған баспаналарда тұратын отбасы (бекітілген басқа да критерийлерге сәйкес келген жағдайда).

Көмек отбасына оқу жылының басында, әдетте тамыз айында беріледі.

Орыс тілді балалардың АҚШ орта мектептерінде оқуға бейімделу ерекшеліктері. Тарихи түрде қалыптасқандай, Ресейден шыққан иммигранттар үшін

АҚШ тартымды елдердің бірі болып келеді. РФ Мемлекеттік Статистика Федералдық қызметінің мәліметтері бойынша 2000 жыл мен 2008 жылдар аралығында АҚШ –қа 30 мың адам кеткен [8]. Орыс тілді халықтың көбісі АҚШ-қа экономикалық себептерге байланысты қоныс аударады: жоғарырақ еңбекақы үшін, кәсіпкерліктегі жаңа мүмкіндіктер үшін, кәсіби өсу және шығармашылық жұмыс үшін. Орыс азаматтар, қоныс аудару кезінде өздерімен бірге кәмелетке толмаған балаларын бірге алып кетеді, ересектерге қарағанда оларға жаңа елде бейімделу қиынырақ болады. Ресейлік оқушыларға оқуын әрі қарай жалғастыру бірқатар қиындықтармен байланысты. АҚШ-та бірыңғай мемлекеттік білім беру жүйесі жоқ екені белгілі, яғни әрбір штат оның құрылымын өзінше белгілейді. Осылайша, америка мектебі – бұл, америка мектептерінің білім беру құрылымымен таныс емес жасөспірімнің табысты білім алуына көптеген кедергі келтіретін күрделі жүйе.

АҚШ орта мектептерінде оқитын орыс тілді балалардың бейімделуіне ең көп қиындық келтіретін келесі ерекшеліктер:

- 1) дәстүрлі құжаттандыру әдісін пайдалану;
- 2) оқу процесінің ерекшеліктері;
- 3) оқушыны сыныпқа жас ерекшелігіне қарай отырғызу практикасы;
- 4) пәндерді таңдаудағы қиындықтар;
- 5) оқу бағдарламаларының және пәндерді оқыту әдістемесінің ерекшеліктері;
- 6) білімді бағалау жүйесі.

АҚШ мектептерінде білім беру, тек мемлекеттік мектепте оқыған жағдайда ғана тегін (public school). Көптеген жеке мектептердегі оқу ақысы өте жоғары болғандықтан, Ресейден қоныс аударып келген балалар осындай мектептерде білім алады. Мемлекеттік жалпы білім беру мектептерінде тұрғылықты жері бойынша білім алуға болады. Алдымен, АҚШ мектебінде оқу үшін, барлық келушілерге тіркеуден өтіп және Мектепті Тіркеу Басқармасында тестілеуден өту қажет. Баланы мектепке орналастыру үшін ата-аналарға үлкен көлемдегі құжаттарды дайындап өткізу қажет. Осыған байланысты, жалпы бағдарлама бойынша оқыған, оқыған пәндерінің сағат санымен көрсетілген тізімдемесі жоқ, Ресейден келген оқушылар қиын жағдайда қалады. Жиі кездесетін шатасуларға байланысты балалардың өткен курстарын қайта оқуына тура келеді [2].

Кездесетін негізгі қиындықтар — лингвистикалық: ғылыми ағылшын тілінің ерекшеліктері.

Америка педагогикасында мигрант балалар үшін, АҚШ мектебіндегі білім беруге сатылай бейімдеуге арналған ESL бағдарламасы бар (English as a Second Language). Бұл бағдарлама бойынша белгілі бір пәндерді балалар арнайы бағдарламамен оқиды. Сабақ тек ағылшын тілінде жүргізіледі. Біріншіден, мұны әдістеме талап етеді, екінші жағынан, топтың тілдік құрамы мүлдем біртекті емес. Басымдылық грамматикалық ережелерді оқуға емес, сөйлеу тіліне беріледі [7].

Пәндерді таңдаудағы қиындықтар. Құрамына міндетті болып табылатын белгілі бір пәндер тізімдемесі (core subjects) және таңдау пәндерінің тізімдемесі

(electives) кіретін, әрбір оқушының өзінің жеке оқу бағдарламасы болады. Ақш-та бала ата-анасымен және мұғалімдерімен бірге өзі оқитын курстарды таңдайды. Әрине, міндетті бағдарлама бар, бірақ пәндердің жартысынан көбі – таңдау бойынша.

Штатқа байланысты және сол штаттың өзіндегі түрлі университеттердің өзінде пәндер (міндетті және таңдау бойынша) әртүрлі. Соның бәрін уақытында түсіну, университетке түсу үшін қажетті пәндерді жинау, жоғары баға алу және талап етілетін кредиттік сағат санын жинау көпшілік жағдайда мигрант-оқушы үшін оңай емес. Мұндай жағдайда мектептің арнайы қызметкері – кеңесші көмекке келеді.

Ұйымдардағы оқу бағдарламасында да (оқу жоспары) және пәндерді оқу желісінде де үлкен айырмашылық бар. АҚШ-тағы мектеп бағдарламасы блок типінде жасалған, пәндерді оқыту деңгейлеп жүргізіледі.

Ағылшын тілінің бірінші деңгейі - бұл, шын мәнісінде, әдебиет. Екінші және үшінші деңгейде басты назар лексика және грамматикаға аударылады. Әрі қарай жоғарғы деңгейге ауысады (advanced/honors) – шығармаларды талдау және мақала жазу.

Орта және жоғарғы мектептегі математика, әдетте, төрт деңгейге бөлінеді, әр деңгей бір жыл оқытылады: алгебра-1, алгебра-2, үшінші деңгей - геометрия, тригонометрия, төртінші — математикалық анализ. Төртінші және сегізінші сынып аралығындағы «Ғылым» (Science) пәні «Жаратылыстану» деп аталады. Сегізінші сыныптан кейін бұл пән биология, химия және физика пәндеріне бөлінеді. 9-сыныпта физика және химия пәндерінің интеграцияланған курсы жүргізіледі. Оқушылар оны жыл бойы оқиды: бірінші жартыжылдықта - физиканы, екіншісінде - химияны. АҚШ-та 10-сыныпта тек қана биологияны оқиды. 11-де химия оқытылады. Физика курсының жалғасы міндетті емес. Физиканың орнына химия, биология, анатомия немесе астрономияның екінші деңгейін алуға болады.

Тарихты оқыту 9-сыныптан, «Әлем тарихы» курсынан басталады, оған дейін тарихты фрагментті түрде, басқа гуманитарлық пәндердің аясында оқиды[4].

Дене шынықтыру мектеп деңгейінің өзінде спорттық командалар сатысына ауысып кетеді, оқушылар спорттың бір түрін таңдайды: америка немесе европа футболы, баскетбол, жүзу, жеңіл атлетика.

Сырттай қарағанда, АҚШ-та білім алуға деген көзқарас, әсіресе бастапқы деңгейде (балабақша, дайындық сыныптары) жеткілікті дәрежеде салмақты болып көрінбеуі мүмкін, тіпті үстірт сияқты көрінуі мүмкін. Дегенмен Америкадағы мигрант ата-аналарды балалардың мектепке баруға ынтасы, мектепте оқыған және үйренгендерімен бөлісуге асығуы жақсы ниетте таң қалдырады. Сабақтарды жүргізу әдістемесі оқушылардың процеске қызығушылығын туғызатындай етіп құрылған. Оқытудың американдық тәсілінің талассыз артықшылығы – оның практикалық білім мен дағдыларға назар аударуында деп санауға болады, оқушыны шынайы өмірге дайындау, кейде теориялық білім беруге нұқсан келтіре отырып жүргізіледі. Оқушы оқу процесіне тартылған және білім алуға ынталы. Сабақта өмірмен байланысты

проблемалық ситуациялар қарастырылады, түрлі экскурсиялар өткізіледі, тәжірибелер жасалады, викториналар ойналады. Тапсырма ретінде өзінің жеке жоспары немесе жобасын жасау ұсынылады. Оқытудың барлық сатысын қамтитын идея — іздей білу, бағалай алу, жеткізу.

Сонымен, АҚШ мектебінде балалардың сәтті бейімделуі үшін мигрант ата-аналар кейбір ерекшеліктерді ескеруі керек:

– америка мектептерінде жауапкершіліктің көбісі және шынайы таңдау мүмкіндігі бала мен ата-анаға беріледі, бұл, түптеп келгенде, жауапкершілігі бар, өмірдің өзгерістері мен қиындықтарынан қорықпайтын, ересек адамның қалыптасуына көмектеседі;

– америка дәстүрі бойынша уақыттың көбісі гуманитарлық білімге бөлінеді – әдебиет, тіл және тарихқа. Адам және қоғам туралы білім балаларға түрлі әлеуметтік жағдайда жол табуға көмектеседі [24.]

Финляндияда мигрант балаларды оқыту.

Финляндияда – білім беру жалпыға бірдей міндетті. Барлық балалар жеті жастан бастап негізгі онжылдық білім алуға немесе басқа жолмен негізгі білім мазмұнына сәйкес білім алуға міндетті. Негізгі білім алғаннан кейін оқуын гимназияда немесе кәсіптік оқыту орнында жалғастыра алады. Одан әрі оқуын жоғарғы кәсіби оқу орнында немесе университетте жалғастыра алады. Ересектерге базалық білім алудың немесе гимназияда оқудың бірнеше нұсқалары бар. Олар да өздерінде бар құзіреттіліктер негізінде квалификация ала алады.

Финляндияда екі мемлекеттік тіл бар: фин және швед тілі. Швед тілі 6% Финляндия тұрғындары үшін төл тілі болып табылады. Финляндияда фин тілінде, швед және шет елдердің тілдерінде білім беретін оқу орындары бар.

Мектеп жасына дейінгі мигрант балаларды оқытуды негізгі мектепке дайындық түрінде ұйымдастыруға болады.

Негізгі оқыту мерзімі – тоғыз жыл. Әдетте, мигрант баланы оның жасына, білімі мен білігіне сәйкес келетін сыныпқа отырғызады. Ол фин және швед тілдерін иммигранттарға арналған ерекше курстарда оқи алады. Мектептер, өз мүмкіндіктеріне қарай, мигрант-оқушыларға әртүрлі пәндерден қосымша сабақтар ұйымдастырады, оны оқушының өз туған тілінде де беруге болады. Жергілікті жерлердегі өзін-өзі басқару органдары мигрант-оқушылардың ана тілін оқытуды ұйымдастыра алады. Мектеп жасындағы және мектепке дейінгі жастағы мигрант балаларға негізгі мектепке дайындық оқулары ұсынылуы мүмкін. Мұндай оқытудың мақсаты, оқушылардың фин қоғамында теңестірілген дамуы мен бейімделуін қамтамасыз ету және оларға негізгі білім алуға қажетті алғышарттар мен дағдыларды беру болып табылады. Дайындық оқуларында оқушылар жалпы білім беру пәндерін оқиды, өйткені бұл оқушының оқу бағдарламасында нақты анықталған. Оқыту барысында оқушының жас ерекшелігі, оқу материалын меңгеруге дайындығы және бұрынғы оқыту тарихынан айырмашылығы ескеріледі.

Гимназияның оқу курсы 2-4 жылда тапсыруға болады. Гимназияны бітіру, гимназияның бірыңғай бітіру емтиханын тапсырғаны туралы аттестат алуға емтихан тапсырумен аяқталады (толық орта білім аттестаты). Мигрант-оқушы фин және швед тілді оқушыларға арналған ана тілінен емтиханның орнына, екінші тіл ретінде, фин немесе швед тілінен бақылау жаза алады.

Мигрант-оқушыны фин немесе швед тіліне және ана тіліне оқыту нұсқаушының басшылығымен жүргізіледі. Оқытуды ұйымдастырушы өтініш берген тұлғаның тілдік білімін анықтай алады. Сонымен бірге, оқушының оқудағы қол жеткізе алатын мүмкіндіктері анықталады. Мигранттарды оқыту икемді ұйымдастырылады. Олар фин немесе швед тілдерін екінші тіл ретінде оқи алады. Бұл сабақтар фин немесе швед тілдерін ана тілі ретінде оқытуды алмастырады. Сонымен бірге шетелдік оқушылар өздерінің ана тілдерін де оқи алады. [25]

Францияда мигрант балаларды оқыту

Қазіргі Франция қоғамында, этникалық компоненттері бар мектептерді құру мигранттардың көпшілік ортаға интеграциялануын емес, керісінше олардың изоляциясына алып келеді деп санайды, сондықтан мигранттардың балалары қалыпты мектептерде басқа балалармен бірге оқиды. Жұмысты ұйымдастыру екі бағытта жүргізіледі: балаларымен көшіп келушілердің екінші-үшінші буынымен және жаңадан келген балалармен, дифференциациялау олардың Францияға келгенге дейінгі алған білімдері бойынша да жүргізіледі. Қазіргі кездегі мектепті дамыту бағдарламасы мен бағыттарына қатысты 2005 жылғы 23 сәуірдегі №°2005-380 заңына арнайы статья L131-1-1 енгізілген, ол қабылданатын мигранттар қауымдастығына қатысты мектептің миссиясын бекітеді .

Бастауыш және орта мектептерге мигранттардың балаларын қабылдайтын алғашқы құрылымдар Францияда өткен ғасырдың 70-жылдары пайда болды. Алғашқыда бұл құрылымдар Францияға жаңадан келген мигрант-оқушылардың ішінде жекелеген балаларды уақытша оқытуға арналған болатын. Қазіргі кезде, Франция елінің заңнамасына сәйкес, мектепке қабылдау шарттары және білім алу Франция аумағында тұратын барлық бала үшін бірдей. 1959 жылдың басында шыққан қаулыда көрсетілгендей, сол уақыттан бері білім алу 6 жастан бастап 16 жасқа дейінгі француз, Франция территориясында тұратын басқа да шетелдіктер үшін міндетті болып табылады .

Өткен ғасырдың соңына дейін Францияның Ұлттық білім беру жүйесі, бірыңғай республикалық қоғам құру туралы саяси тұжырымдамаға сүйене отырып, оқушылардың этникалық, аймақтық және діни айырмашылықтарын назарға алуға қарсы болды, нәтижесінде барлығынан бір Франция азаматтарын тәрбиелеп шығаруға ниеттенді. Сол себепті мигрант балалардың ана тілі мүлдем ескерілмеді. Дегенмен, 1973 жылы Францияның мемлекеттік мектептерінде мигранттардың шыққан отанының тілін оқыту енгізілді [25]. Бұл, қоғам мен биліктің мигранттарды тарихи отанына қайтаруға байланысты ниетінен туындаған болатын. Екі жақты келісімдер жасалды. Алғашқы серіктес-елдер Тунис (1974)

және Марокко (1975) болды, кейіннен – Португалия (1977), Түркия (1978), Алжир (1981). Сабактар сол елдерден келген мұғалімдермен жүргізілді және ақысы серіктес-елдер арқылы төленді. Атап көрсетілгендей, жаңадан келген балалардың өз ана тілін жетік білмеуі, француз тіліне оқытуда да қиындықтар туғызды, нәтижесі, олардың интеграциялану мәселесіне алып келді. Жасалған ELCO бағдарламасы (Enseignement des langues et cultures d'origine) – Шыққан отынының тілі мен мәдениетін оқыту – бұл мәселені шешуі тиіс болатын. Дегенмен, мигранттар мен олардың балалары тарихи отандарына қайтпады. Интеграция бойынша Жоғарғы кеңес мәліметтеріне сәйкес 2008-2009 оқу жылында ELCO мигранттар ортасынан 82 000 оқушыны қамтыды, бұл көрсеткіш 2002-2003 оқу жылымен салыстырғанда 16%-ға жоғары болды .

80-шы жылдардан бастап үкіметтің африка және араб елдерінен қоныс аударғандардың балалары мен немерелеріне білім беру және тәрбие саласындағы қызметі жанданды. Мектептерде мигранттардың балаларына арналған, өзге тілдік ортадағы олардың білім алып бастауын жеңілдетуге бағытталған дифференциацияланған сыныптар ашыла бастады. "Француз мәдениетіне қосылу" сыныптары құрылды, онда француз тілін оқу мен француз өркениетін зерттеуді күшейту қарастырылған. Елде үш бағыттағы көпмәдениетті рухта тәрбиелеу қолға алынған:

- балалардың мектептегі жетістікке жетуін жеңілдету – этникалық аз ортадан шыққандар (артта қалуының алдын алу стратегиясына көшу, оқытуды дифференциациялау);
- білім беруге билингвизмді енгізу, бастапқы кезеңде ана тілінде оқыту;
- көпмәдениетті тәрбиені тек азшылық қауымға бағыттамай, өзара түсіністік пен өзара қарым-қатынасты дамыту үшін жетекші этносты тарту.

Арнайы білім аймақтары туралы идея көшіп келуші мигрант балалар санының ірі қалаларда елеулі өсуімен байланысты туындады. 1981 жылы араб және африка елдерінің мигранттары тығыз қоныстанған аудандарды «басым білім аймақтарына» біріктіру жөнінде шешім қабылданды. Идея оң партия өкілдеріне тиісті болды. «Басым білім аймақтары» атауының өзі, қоғам мен биліктің мигранттар тұратын аудандардағы мектептерге ерекше көңіл бөлуге ниетті екенін білдіреді.

Соңғы уақытта Францияның білім жүйесіндегі теңсіздікті жоюға қол жеткізе алмағандығы туралы пікірлер көп айтылуда[14]. Мектептегі этникалық мәселелерді зерттеуге маманданған Француз зерттеушісі Франсуаза Лорсери, туындаған мәселелердің бәрін бірдей шешу қолынан келмейтін қазіргі заманғы мектеп үшін этникалық көптүрлілік салмақты қарсылық деп санайды[20]

Мигранттардың балаларының сәтсіздіктерін, әсіресе, мектеп бағдарламасының математикалық пәндермен асыра жүктелгендігімен және тестілеу жүргізудің икемді болмауымен байланыстырады[19].

Ата-анамен жұмыс педагогикалық ұжымдардың қызметіндегі тұғырлы

бағыттардың бірі болып келеді. 2006 жылдың циркулярында, мектеп мигрант ата-аналармен жұмыс жүргізу үшін арнайы уақыт және орын бөлуі керек деп көрсетілген[26].

Грециядағы мигранттардың балаларына арналған білім технологиялары.

Греция халқы шамамен он бір миллион адам болса (EL.STAT, 2011), соның ішінде жалпы халық санына шаққандағы мигранттардың жеке үлесі 10,3% құрайды (Baldwin-Edwards, 2005). Греция үш миграция толқынын басынан өткізді. *Бірінші толқын* 1990 жылдардан кейін қалыптасты, ол кезде мигранттардың басым көпшілігі Албаниядан келді. Екінші толқын 1993-2002 жылдарды қамтиды және Албания, басқа да Балқан түбегі елдерінен, сонымен қатар Шығыс Еуропаның бұрынғы социалистік елдерінен және ССРО құрамында болған республикалардан келген (13,5%) (Baldwin-Edwards, 2005). *Үшінші толқын* 2003 жылдан кейін басталды және Азия (Пакистан, Бангладеш және Индия) және араб (Сирия, Египет) елдерінен келген мигранттар ағынын қамтиды. Грециядағы жалпы мигранттар санының 56% албандықтар құрайды, сонымен қатар әрбір оныншы мигрант - Азия және араб елдерінен (130 мың адамнан артық емес) (Markoutsoglou, Kasou, Moshotos & Ptohos, 2007). Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан (Нигерия, Эфиопия) африка елдерінен келген мигранттар саны 15 мыңға жуықтайды. Неміс, британдықтар, итальяндықтар және басқа да еуропалықтар шетелдік қауымдастық болып табылады, жалпы шетелдіктер санымен салыстырғандағы әрқайсының жеке үлесі 2% шамасында. Басқа топ өз құрамында этникалық гректерді қамтиды – олар Қара теңіз аймағының өкілдері (152,2 мың понтий гректері) және грекия азаматтығы берілген этникалық гректер – Солтүстік Эпирдің Албания азаматтары (100 мың адам) (Gropas & Triandafyllidou, 2005). Мигранттардың көпшілігі елге заңсыз келген, тиісті құжаттарсыз, кем дегенде, бастапқыда. Қазіргі кезде 75% мигрант тұрғындардың жұмысы және елде тұруға рұқсаты бар (Gropas & Triandafyllidou, 2005).

Грек қоғамының көпмәдениетті құрылымы греция мектептерінде көрініс тапқан. Грекия диаспорасы институтының білім және мәдениетаралық зерттеулер мәліметтері бойынша (IPODE, 2010), соңғы онжылдықта грекияның мемлекеттік мектептерінде оқитын шет елдік оқушылардың жеке үлес саны артқан. 2002-2003 жылдары жалпы оқушы санымен салыстырғандағы мигранттардың балаларының үлесі 6,7% болса, 2004-2005 жылдары бұл көрсеткіш 7,8%-ға өскен, 2005-2006 жылдары мигранттардың балалары 8,3% құрады, үш жылдан соң – жалпы оқушы санының 9,29%-ын құрады. Мигрант - оқушылардың ең көп шоғырлануы Афинда (жалпы мектеп оқушыларының 12,3%-ын құрайды). Олардың көбісі албандықтардың балалары (71,5%), саны жағынан екінші орында тұрған ұлттық топ бұрынғы Совет Одағынан шыққандар (15,9%) (Gotovos & Markou, 2004).

Грекияның білім министрлігі мәдениетаралық білімге келесі анықтама береді: «айырмашылықтар мен ерекшеліктерді білім мен тұлғалық даму көзі

ретінде қоғамға ықпалдастыруға бағытталған, мектептің барлық сатысын және пәндерін қамтитын ашық білім беру процесі».

Грекия мектептеріндегі көп мәдениетті ерекшеліктеріне байланысты туындаған қиын мәселелерге назар аудару қажеттілігі, Грекия үкіметінің мигрант-оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған үш негізгі бағыттағы қадамға баруына ықпал етті:

- білім жүйесінің *мәдениетаралық білім* бағытына қарай ойысуын қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық база қалыптастыру;
- мектепте мәдениетаралық технологияларды енгізуге бағытталған білім беру бағдарламаларын қаржылай қолдау;
- мигрант-оқушылардың білім нәтижелерін анықтау бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу.

Мәдениетаралық мемлекеттік саясат шаралары келесіні қамтиды:

1. Арнайы білім беру, әлеуметтік және мәдени мақсаттарға қол жеткізу үшін *Мәдениетаралық мектептер құру*. 1994 жылдан бері Грекия аумағында 26 мәдениетаралық мектеп құрылған. Егер шетелдік оқушылар немесе тарихи отанына қайта оралған репатриант-оқушылар үлесі жалпы мектеп оқушыларының санымен салыстырғанда кем дегенде 45% құраса, білім ұйымы мәдениетаралық мектеп болып классификацияланады. Негізінен жалпы білім беру бағдарламаларымен жұмыс істейтініне қарамастан, мигрант-балалардың қажеттіліктеріне жауап беретін материалдарды пайдалануға мәдениетаралық мектептерге белгілі бір кеңшілік берілген. Одан бөлек, олардың туған отанының тілі мен мәдениетін оқыту курстарын ұйымдастыруға, сонымен бірге оқушылар мен олардың ата-аналарына қосымша грек тілін үйретуге құқықтары бар. Оған қосымша, мұндай мектептер оқушылар мен олардың ата-аналарын грекияның білім беру жүйесінің құрылымы туралы ақпараттандыра алады және жергілікті қауымдастық өміріне қосқан үлесі үшін марапаттауына болады. Осындай мектептерде жұмыс істейтін педагогтар мәдениетаралық білім беру мазмұны, грек тілін екінші тіл ретінде оқытуға қабілеттілігі бойынша біліктілік тестінің қорытындысымен іріктеледі және арнайы дайындықтан өтуге тиіс.

2. *Барлық мектептерде дайындық және көмекші сыныптар ұйымдастыру*. Барлық мигранттардың балаларына екі типтегі дайындық сыныптары қолжетімді. Бірінші типтегі дайындық сыныптары грек тілін кемінде тоғыз оқушы жеткіліксіз меңгерген барлық мектептерде ұйымдастырылған. Бұл сыныптарда оқушылар грек тілін және басқа да пәндерді оқиды, сонымен бірге музыка, дене шынықтыру, өнер және шет тілі сабақтарында негізгі сыныпқа қосылып оқиды.

Екінші типтегі дайындық сыныптары (параллель сыныптар) қалыпты сыныпта оқу қиындық туғызатын немесе грек тілін нашар білуі себепті қиналатын оқушыларға арналған. Грек ұлтының мұғалімдері болмаған жағдайда дайындық сыныптарында шетелдік педагогтар жұмыс істей алады.

3. *Ұзартылған күн мектебі*. Білім беру жүйесінің бұл компонентінің

орындылығы келесі дәлелдемелерге негізделген, мектепте өткізілген уақыт, және мектеп қабырғасында қоғамдық және білім беру жұмыстарына қатысу мигрант-балалардың әлеуметтенуіне және олардың үлгерімдеріне тек қана оң ықпал етеді.

4. *Европалық өлшем.* Грециядағы мәдениетаралық білімнің басқа бір аспектісі - европалық, басқа Европа елдерімен өзара түсіністік және ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптастыруға ықпал етуді қарастырады, соның ішінде ұлттық-мәдени бірізділікке лайықты мән бере отырып, тілдердің және мәдениеттің көптүрлілігін сыйлауға, әрі дамытуға бағытталған. Білімдегі Европалық өлшем келесі жолдармен жүзеге асырылады: 1) елдің білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және оны жүзеге асыруға қатысу, Европалық одақтың мемлекеттік саясаттағы шараларына қатысу, 2) европалық және халықаралық ұйымдарға кіру және олардың бағдарламаларына қатысу, 3) европалық және халықаралық өлшемдердің білім берудің барлық деңгейлеріндегі оқу жоспарларында көрініс табуы, 4) грек тілін оқытуға қолдау көрсету және шет елдерде грекиялық зерттеулерді жүргізу (EURYDICE, 2007/2008).

Соңғы онжылдықта Греция этникалық грек-репатрианттар және шетелдік оқушылардың білім алуын қолдауға бағытталған ЕО (ЕРАЕК) білім бағдарламаларына өзінің қатысу шеңберін кеңейтті және түрлендірді. Олардың негізгі міндеттерінің ішінде:

- грек-репатрианттары және шетелдік мигранттардың грек қоғамына интеграциялануына ықпал етуге бағытталған білім беру және әкімшілік құрылымдарды зерттеу және қалыптастыру;
- мәдениетаралық білім міндеттеріне жауап беретін оқу жоспарларын, бағдарламаларды және материалдарды әзірлеу;
- жоғарыда аталған бастамаларды іріктелген мектептерде жүзеге асыру;
- оқушылар мен педагогтарға кеңестік көмек және әдістемелік қолдауды қамтамасыз ететін құрылымдарды қалыптастыру;
- мигрант ата-аналарды олардың балаларының білім алуына тарту;
- мәдениетаралық білім мәселелері бойынша және этникалық гректер мен шетелдік мигрант-оқушылардың арнайы қажеттіліктері тұрғысында қоғамды ақпараттандыру (EURYDICE, 2007/2008).

Мигрант балалардың білім беру жүйесіне интеграциялану дәрежесі, «Үшінші елдер азаматтарын грек қоғамына интеграциялау саясатының тиімділігі мен нәтижелілігін бағалау индекстерін анықтау» бағдарламасымен ұсынылған эмпирикалық мәліметтер негізінде зерттелген. Мигрант тұрғындардың сипаттамаларына қатысты көрсеткіш ақпарат алу үшін және оларды қабылдаушы елдің аумағына бөлу мақсатында деңгейлік (стратификациялық) іріктеу жүргізілді. Жоғарыда келтірілген мәліметтер EL.STAT (*Грецияның Ұлттық статистикалық қызметі*) статистикалық мәліметтерінің негізінде қалыптастырылған. Сауалнама мигрант балалардың мектеп ортасына интеграциялану дәрежесін сипаттайтын маңызды объективті және субъективті индекстерді есептеуге көмектеседі.

Объективті индекстер қамтиды: (1) оқушы үлгерімі, (2) 15 жасар үлгерімі нашар оқушылардың жеке үлес-көрсеткіші, (3) оқуды тастап кеткен балалардың үлесі. *Субъективті индекс* көрсеткіші: (1) мектеп өміріне ата-аналардың қамтылуы, (2) білім жүйесінің тарапынан көрсетілген қолдауға ата-аналардың қанағаттануы, (3) мигрант ата-аналардың өз балаларының білім алуына қатысудағы кедергілер, (4) әлеуметтік қолдау. Аталған зерттеу барысында есептелген индекстер, мигрант балалардың мектеп ортасына интеграциялану тәсілдерінің тиімділігін талдауға және мемлекеттік саясат шараларын әзірлеуге және оған араласуға арналған құнды құрал және дерек қоры болып табылады. Грек мектептеріндегі көп мәдениетті түрлілік мәселесінің маңыздылығын грек билігі толық қабылдаған, ол грек білім беруін мәдениетаралық өлшеуде көрініс тапқан.

Грецияда тұратын барлық шет елдіктердің балалары, Греция азаматтарымен бірдей, толық емес орта білім алуға міндетті (9 сынып). Мектеп әкімшілігі мигранттар мен босқындардың балаларын тиісті құжаттары болмаған жағдайдың өзінде қабылдауға міндетті.

Грецияның білім беру жүйесі мигрант балаларға арналған жеке бағдарламаларды ұсынбай, жалпы негізгі орта білім беру бағдарламасының шеңберінде оқытуды қарастыратын модельге сүйенеді. Сонымен бірге, олар мектеп жүйесіндегі тапсырмаларды табысты орындауға мүмкіндік беретін тілді меңгерудің қажетті деңгейін білмесе, мигрант балаларға уақытша дайындық сыныптарына баруға мүмкіндік беріледі. Оқушылар негізгі орта білім беру бағдарламасының мазмұнын меңгереді. Олардың үлгерімдерінің артта қалу тәуекелін азайту үшін, қосымша грек тілінде дайындалады. Кейіннен оқушылар біртіндеп негізгі сыныптарға кіріктіріледі.

Дегенмен, нәтижелер мигрант балалардың мектеп ортасына бейімделуінің түрлі жолдары бар екенін көрсетті. Олардың көбісі жақсы оқиды (80%), оқытудың барлық кезеңінде жоғарғы үлгерімін сақтай отырып, оқу тапсырмаларын ойдағыдай орындайды. Үлгерімі нашар оқушылар - 11,7%; 7-18 жас шамасындағы 15% бала оқуды тастап кетеді. Грецияда осы осал топқа арналған, «Екінші мүмкіндік мектебі» деп аталатын арнайы мектептер бар (Білім, үздіксіз білім беру және діни істер Министрлігі, 2010). Мұндай білім ұйымдары қалыпты мектеп жүйесіне бейімделе алмаған немесе өзінің білімін аяқтауға ынталы болмаған жастарға баламалы мүмкіндік беруге арналған (және ересектерге). «Екінші мүмкіндік мектебі» негізгі екі мақсатты көздейді:

- бастауыш/базалық білім беру, бұл ретте олардың алдына бастауыш деңгейінде ғана білім алатын оқушы санын барынша арттыру міндеті қойылған;
- оқушылардың жеке тәжірибесін байыту, оларды әрі қарай білім алуға, кәсіби қызметке және қоғамдық-мәдени өмірге дайындау.[28]

Сонымен, қолжетімді дереккөздерден алынған материалдарды зерделеу көрсеткендей, әрбір жеке елдегі мигранттардың балаларын оқытудың ерекше өзгешеліктері болуына қарамастан, көптеген ортақ ұқсастықтар бар екенін сенімді

айтуға болады. Сондықтан мигрант балалардың білім нәтижелерін бағалауда ЭЫДҰ келесі критерийлерді ұсынуы кездейсоқтық емес:

– **қолжетімділік** – мигрант-оқушылардың сапалы білімге, сол елдің азаматтары-өздерінің құрбыларымен бірдей, тең қолжетімділігі қамтамасыз етілген бе, сонымен бірге мемлекеттік саясаттың қандай шаралары аталған процесті жеңілдетеді немесе кедергі келтіреді;

– **қатысу** - мигрант-оқушылар оқуды, сол елдің азаматтары-өздерінің құрбыларына қарағанда көбірек тастап кете ме, және мемлекеттік саясаттың қандай шаралары мигрант-оқушылардың мектептегі оқуын аяқтауына ықпал етеді;

– **үлгерім** - мигрант-оқушылардың үлгерім деңгейі сол елдің азаматтары-өздерінің құрбыларының үлгеріміне қалай теңестіріледі, және мемлекеттік саясаттың қандай шаралары бұл үлгерімге ықпал етеді.

2. Қазақстан мектептеріндегі оралман-балаларға тілдерді оқытудың қазіргі жағдайы

Оралман-балалардың оқытудың қазіргі жағдайын анықтау үшін Қазақстандық мектептерде интернет-ресурстар зерттелді және Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында мониторинг жүргізілді, мониторинг үшін үш аймақ іріктелді, өйткені онда иммигранттар санының көптігі байқалады.

Оралман-балалардың сапалы білімге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету және олардың оқу барысында кездесетін мәселелердің қатарын анықтау қажеттілігіне байланысты Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әлеуметтік сауалнама жүргізді: мұғалімдермен оралман-балаларға тілдерді оқытуда кәсіптік қиындықтарды анықтау; оқушылармен; үш тілді оқыту мәселесі бойынша ата-аналармен.

Сауалнама үш тілде оқыту және ең тиімді шешімдерді табу мәселелерін анықтау мақсатында өткізілді. Сауалнамаға 3 өңірдің педагогтары, балалар мен ата-аналар қатысты: Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан және Шығыс Қазақстан.

Әлеуметтік сауалнамаға 611 педагог, оның ішінде ауылдық мектептерден - 329, қалалық мектептерден - 282 (7 және 8 кестелер) қатысты. Сауалнамаға қатысқан барлық мұғалімдер қазақ тіліндегі мектептерде жұмыс жасайды.

Оралман-балаларды оқыту мәселесі бойынша курстардан респонденттердің ешқайсысы өткен жоқ.

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдердің жартысынан көбі жоғары және жоғары санатқа ие (3 және 4-сурет), яғни әлеуметтік зерттеу нәтижелерінің анықтығын дәлелдеу үшін толық негіз бар.

Мұғалімдер үшін келесі сұрақтарды қамтитын сауалнама әзірленді:

1. Үш тілде білім беру дегеніміз не?
2. Қазақстан Республикасының мектептеріндегі бірінші тіліді атаңыз.
3. Қазақстан Республикасының мектептеріндегі екінші тілді атаңыз.
4. Қазақстан мектептердегі мақсатты тілдерді атаңыз.
5. Сіз үш тілде білім беру саласындағы қандай нормативтік-құқықтық құжаттар білесіз? Оларды тізімдеңіз.
6. Сіздің сыныпта оралмандар бар ма?
7. Қазақ тілінде оқытатын мектептердегі оралман-балалар қазақ тілін үйренгенде қандай қиындықтарға кездеседі?
8. Қазақ тілінде емес мектептердегі оралман-балалар қазақ тілін үйренгенде қандай қиындықтар кездеседі?
9. Орыс тілінде оқытатын мектептерде орыс тілін оқығанда қандай қиындықтар кездеседі?
10. Орыс тілінде емес мектептерде орыс тілін оқығанда қандай қиындықтар кездеседі?


11. Олар ағылшын тілін меңгергенде қандай қиындықтар кездеседі?
12. Оралман-балаларға тілдерді оқытуда қандай қиындықтар туындайды?
13. Оралман-балаларына тілдеді оқыту бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өттіңіз бе? Курсты атаңыз, қашан және қайда өттіңіз?
14. Сіз оралман-балаларға тілдерді үйрету үшін қандай әдістерді қолданасыз?
15. Оралман- балалардың ата-аналары қазақстандық мектептерде үш тілде білім беруге қалай қарайды?

7-кесте - Сауалнамаға қатысқан респонденттер-педагогтар туралы ақпарат (ауыл)


Облыс	Барлығы	Санаты				Сабақ беретін сыныптар				
		жоғары	I	II	санатсыз	1-4	5-9	10-11	0-9	1-11
Кордай ауданы	20	-	9	6	5	7	4	2	5	2
Меркі ауданы	13	2	1	2	8	3	5	-	3	2
Талас	9	-	5	2	2	1	7	1	-	-
Т.Рысқұлов ауданы	9	-	2	4	3	5	2	-	2	-
Жамбыл облысы	51	2	17	14	18	16	18	3	10	4
Көкбастау	9	2	5	2	-	2	6	1	-	-
Барақ батыр	7	1	3	2	1	1	4	2	-	-
Қара бұта	7	3	2	2	-	-	7	-	-	-
Шығыс	16	7	6	1	2	9	5	-	-	-
Мамай батыр	13	3	6	4	-	7	3	3	-	-
Үржар	9	1	2	6	-	4	3	2	-	-
Жарма	36	8	9	11	8	10	9	4	13	-
Достық	2	-	1	1	-	-	-	2	-	-
Ордабасы	114	24	37	46	7	14	38	7	26	29
ОҚО	213	49	71	75	18	47	75	21	39	29
Зайсан	27	4	19	4	-	9	13	3	3	-
Глубокое	2	-	-	2	-	1	1	-	-	-
Курчатов	24	2	8	11	3	5	12	-	-	7
Қатон қарағай	12	3	5	4	-	4	2	3	3	-
ШҚО	65	9	32	21	3	19	28	6	6	7
Жиынтық:	329	60	120	110	39	82	121	30	55	40

8-кесте - Сауалнамаға қатысқан респонденттер-педагогтар туралы ақпарат (қала)

Облыс	Барлығы	Санаты				Сабақ беретін сыныптар				
		жоғары	I	II	санатсыз	1-4	5-9	10-11	0-9	1-11
Тараз қаласы	14	0	6	4	4	4	6	1	2	1
Қаратау	36	11	7	11	7	14	5	1	6	10
Шу	14	4	5	3	2	6	6	2	-	-
Жамбыл облысы	64	15	18	18	13	24	17	4	8	11
Түркістан	36	18	5	12	1					
Шымкент	107	20	43	34	10	18	29	3	-	57
ОҚО	143	38	48	46	11	18	29	3	0	57
Семей	32	8	11	7	6	5	17	4	6	-
Өсемен	43	9	17	13	4	11	15	8	7	2
ШҚО	75	17	28	20	10	16	32	12	13	2
Жиынтық :	282	70	94	84	34	58	78	19	21	70




3-сурет - жоғары және бірінші біліктілік санаты (ауыл) бар педагогтардың үлесі (ауыл)




4-сурет - жоғары және бірінші біліктілік санаты (ауыл) бар педагогтардың үлесі (қала)

Жоғарыда айтылғандай, респонденттерге үш тілде білім беру туралы сұрақтар қойылды. Осылайша, «Үш тілде білім беру дегеніміз не?» деген сұраққа дұрыс жауаптардың саны. ауылдық педагогтардың ішінде: 72% қалалық мектептердің 51%, мұның өзі ауыл мұғалімдерінің хабардар екендігін көрсетеді. Тұтастай алғанда, педагог-респонденттердің үш тілде білім беру туралы жалпы түсінігі қалыптасқан (5 және 6-сурет).




5-сурет – 1-сұрақтың жауабын бөлу. Үш тілде білім беру дегеніміз не? (ауыл)




6-сурет - 1-сұрақтың жауабын бөлу. Үш тілде білім беру дегеніміз не? (қала)

Ауылдық және қалалық мектептердегі мұғалімдердің бірінші тілдер бойынша сұрақтардың жауаптары мұғалімдердің мәселені түсінбегенін немесе мұғалімдердің елдегі үш тілде білім беру саласындағы тілдік жағдайды білмеуін көрсетті. Бұл үрдіс 7 және 8-суреттегі диаграммалармен дәлелденеді.




7-сурет – 2-сұраққа жауаптардың бөлінуі. Қазақстан Республикасының мектептерінде (ауылда) бірінші тіл қай тілдер?




8-сурет – 2- сұраққа жауаптардың бөлінуі. Қазақстан Республикасының мектептерінде (қалада) бірінші тілге қай тілдер жатады?

Екінші тіл туралы сұрақтың жауабы да осындай. Ауыл мектептерінің мұғалімдерінің дұрыс жауаптардың саны 25,6% , ал қалалықтардың - 0% (9 және 10-сурет).




9-сурет – 3-сұрақтың жауабын бөлу. Қазақстан Республикасының мектептерінде (ауыл) 2-ші тілдерді атаңыз.




10-сурет – 3-сұрақтың жауабын бөлу. Қазақстан Республикасының мектептерінде (қала) 2-ші тілдерді атаңыз

Респонденттердің «Қазақстан мектептеріндегі мақсаттық тілдерді атаңыз» деген сұрақтың жауабы ауылдық жерлердегі де, қалалардағы да мұғалімдер

мақсатты тіл туралы түсінігі бар екенін көрсетеді: дұрыс жауаптардың үлесі 48% - ын және 56% -ын тиісінше ауылдың / қаланың құрайды (11 және 12-суреттер).



11-сурет – 4-сұраққа жауаптардың таралуы . Қазақстан мектептеріндегі (ауыл) мақсатты тілдерді атаңыз



12 –сурет 4-сұраққа жауаптардың бөлінуі. Қазақстан (қала) мектептеріндегі мақсатты тілдерді атаңыз.

5-сұрақ: Үш тілде білім беру туралы қандай заңнамалық және құқықтық құжаттар білесіз? Оларды тізімдеңіз.

Оқытушылар үш тілде оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттарға төмендегілерді жатқызды: «ҚР Тіл туралы» заңы; «2011-2020 жылдарға арналған тілдерді дамыту туралы» мемлекеттік бағдарлама; Жаңартылған білім мазмұнның оқу бағдарламалары; 2011-2020 жылдарға аранлаған үш тілде білім беруді дамытудың жол картасы.

6-сұрақ. Сіз оқытатын сыныпта оралман-балалар бар ма? Жауап келесідей: Жамбыл облысында оралман-балалардың саны 289 адам, Шығыс Қазақстан облысында 306 оқушы, Оңтүстік Қазақстан облысында 343 бала.

7-сұрақ. Қазақ тіліндегі мектептерде қазақ тілін меңгеруде оралман-балалар қандай қиындықтар кездеседі?

Қазақ тіліндегі емес мектептердегі оралман-балалар қазақ тілін меңгергенде қандай қиындықтар кездеседі? Қазақ тілінде оқитын оралман-балалар келесі қиындықтарды атады:

- әліпбидегі айырмашылық;
- оқу мен жазу орыс тілінде;
- ауызекі тіл, диалект;
- қазақ тіліндегі әдеби сөздер;
- қазақ тіліндегі дыбыстар: в, ү, ғ, һ, айту және оқу қиын

8-сұрақ. Қазақ тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқығанда қандай қиындықтар кездеседі?

Қиындықтар арасында:

- ауызекі тіл;
- жазуға қабілетсіз;
- мәтінді айту;
- тәжірибе аз.

9-сұрақ. Орыс тілінде оқытатын мектептерде орыс тілін оқытуда қандай қиындықтар бар? Бұл сұраққа жауап жоқ, себебі барлық респонденттер қазақ тілінде оқытатын мектептерде жұмыс істейді.

10-сұрақ. Орыс тілінде оқытылатын мектептерде орыс тілін оқытуда қандай қиындықтар бар? Жауаптар оралмандардың қарым-қатынаста ең үлкен қиындықтар туғызатынын көрсетеді, өйткені қоршаған ортада орыс тілінде сөйлейтіндер аз немесе жоқ және ешқандай негізгі білім жоқ.

11-сұрақ. Ағылшын тілін оқытуда қандай қиындықтар бар? Жауаптар ағылшын тілін үйренуде оралман-балалар дыбыстарды, әріптерді және мәтіндерді қабылдаудағы дұрыс естуін және жазуын қиын деп көрсетеді.

12-сұрақ. Оралман балаларын тілдерге оқытуда қандай қиындықтар туындайды? Респонденттердің осы сұраққа жиі кездесетін жауаптары:

- басқа елдерден келген балалар латын әліпбиін меңгерген;
- диктант жазуды, оқуды қиналады;
- құрбыларымен байланыс жасаудан бас тартады;

- тілдік тосқауылдарды шектейді;
- басқа діл.

13-сұрақ. Оралман-балаларға тіл үйрету бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өттіңіз бе? Курсты атаңыз, қашан және қайда өттіңіз?

Сауалнамаға қатысқан мұғалімдер арасында оралмандарға тілдерді оқыту бойынша біліктілік курстарынан өткен бірде-бір мұғалім жоқ.

14-сұрақ. Оралман- балаларға тілдерді оқыту үшін сіз қандай әдістерді қолданасыз? Мұғалімдер келесі әдістерді атап өтті:

- жаңа технологиялар;
- сыни ойлау;
- жұмыстың жаңа формалары;
- ойын әдісі;
- жобалау әдістері.

15-сұрақ. Оралман балаларының ата-аналары Қазақстанның мектептерінде үш тілде білім беруді енгізу мәселесіне қалай қарайды? Үш тілде білім беруді енгізу бойынша ата-аналардың пікірі төмендегідей;


- ата-аналар үштілділікке қарсы емес;
- оқу тілдерінің қажеттілігі мен өзектілігін түсінеді;
- мектептің білім беру саясатына келіседі;
- ата-аналардың өтініші: қосымша сабақтар көбірек өткізілсе.

Сауалнамаға Жамбыл, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстарынан 507 ата-ана қатысты, оның ішінде 370 ауылдық (Жамбыл облысы – әлеуметтік сауалнамаға қатысқан 78 адам, Шығыс Қазақстан облысы - 81 адам, Оңтүстік Қазақстан облысы - 211 және 137 ата-ана қаладан: Жамбыл облысы - 48 ата-ана, ШҚО-52 адам, ОҚО-37 ата-ана (9 кесте).

9-кесте – Респондент-ата-аналар туралы мәлімет


Облыс	ауыл		қала	
	әйел	еркек	әйел	еркек
Жамбыл	71	7	39	5
Шығыс Қазақстан	78	3	43	9
Оңтүстік Қазақстан	203	17	26	6
Жиынтық	352	27	108	20

Қатысушылардың жас тобында 25-34 жас аралығындағы сауалнамаға 166 әйел мен 9 ер адам қатысты; 35 жастан 45 жасқа дейінгі жас тобында 251, ерлер 28; 46-54 жас тобында 58 әйел мен 10 ер адам (13-сурет). Басқаша айтқанда, ата-аналар арасында респонденттердің орта жасының үлесі басым.



13-сурет – Респонденттердің ата-аналарының жасы бойынша бөлінуі

Сауалнама барысында Қазақстандағы үш тілде білім беруге түсінікпен қарайды, бірақ олар тек қазақ тілін ғана сөйлейді. Респонденттердің 37% орыс тілін, ағылшын тілін 12% меңгерген (14-сурет).



14-сурет - Оралмандардың ата-аналарының тілдерді білу деңгейі

Сауалнамаға 925 оралман-балалар қатысты (10,11 және 12 кесте), соның ішінде Жамбыл облысынан 289, Шығыс Қазақстан облысынан 306, Оңтүстік Қазақстан облысынан 343 адам қатысты.

Сауалнамаға ауыл мектептерінен 503 оқушы және қала мектептерінен 435 оқушы қатысты. Олардың ішінде 1-4 сыныптарда 324 оқушы оқиды, 5-9- 434 оқушы, 10-11 - 180.

10-кесте – Оралман балалардың әлеуметтік сауалнамаға қатысуы туралы мәлімет
Жамбыл облысы

		1-4			5-9			10-11		
		Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Қай жерде тілдерді үйренесіз	<i>мектепте</i>	42	42	42	69	69	53	22	22	22
	<i>курстарда</i>									
	<i>басқалар</i>						8			
Қарым-қатынас тілі	<i>мектепте</i>	42			69		3	22		
	<i>үйде</i>	42			69			22		
	<i>көшеде</i>	42	13			12		22		
Тілдерді үйренуге жетіспейді	<i>қызығушылық</i>		26	38		38	16		18	
	<i>әдістеме</i>									
	<i>Тілдік орта</i>		16	4		56	27		11	
	<i>қажеттілік</i>					14	43			14
Тілдерді меңгерудегі қиындықтар	<i>Естуді қабылдау</i>		31	40		11			15	
	<i>Ауызекі тіл</i>		28	32		35	20			
	<i>оқылым</i>		26	32		27				
	<i>жазылым</i>	15	23	38	26	58	42	21	22	22
«сөйлесу» стимулы	<i>Пәнге деген жеке қызығушылығы</i>	42	9	15		5	8		10	2
	<i>Заман талабы</i>		28	40		43	51		9	17
	<i>Ата-ана талабы</i>		5	2		9	4			
	<i>Маңсаптық өсу</i>						26		3	4
Ұсыныстар	Сіздің сыныпта көп сөйлесуіңіз керек, қызықты болады. Практикалық сабақтар көп болуы керек. Патриот болуыңыз керек. Шетелдіктермен сөйлесу қажет. Қызығушылық тудыратын жаттығулар мен тапсырмалар.									
Сауалнама саны	42			69			22			

11-кесте – Оралман балалардың әлеуметтік сауалнамаға қатысуы туралы мәлімет

Шығыс Қазақстан облысы

		1-4			5-9			10-11		
		Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Қай жерде тілдерді үйренесіз	<i>мектепте</i>	41	41	41	48	48	48	46	46	46
	<i>курстарда</i>									
	<i>басқалар</i>									
Қарым-қатынас тілі	<i>мектепте</i>	41			48					
	<i>үйде</i>	41			48			46		
	<i>көшеде</i>									
Тілдерді үйренуге жетіспейді	<i>қызығушылық</i>		21	15		21	15		18	27
	<i>әдістеме</i>									
	<i>Тілдік орта</i>		13	19						
	<i>қажеттілік</i>									
Тілдерді меңгерудегі қиындықтар	<i>Естуді қабылдау</i>		17			13	24		9	13
	<i>Ауызекі тіл</i>									
	<i>оқылым</i>									
	<i>жазылым</i>	19	34	26	13	26	17	9	14	26
«сөйлесу» стимулы	<i>Пәнге деген жеке қызығушылығы</i>	24	8	13			28			
	<i>Заман талабы</i>	21	16	38		19	12			
	<i>Ата-ана талабы</i>									
	<i>Маңсаптық өсу</i>									
Ұсыныстар	Қосымша сабақтар, курстар қажет									
Сауалнама саны	41				48			46		

12-кесте – Оралман балалардың әлеуметтік сауалнамаға қатысуы туралы мәлімет

Оңтүстік Қазақстан облысы

		1-4			5-9			10-11		
		Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі	Қазақ тілі	Орыс тілі	Ағылшын тілі
Қай жерде тілдерді үйренесіз	<i>мектепте</i>	40	40	40	74	74	74	29	29	29
	<i>курстарда</i>									
	<i>басқалар</i>									
Қарым-қатынас тілі	<i>мектепте</i>	40				11	23	29		
	<i>үйде</i>	40			74			29		
	<i>көшеде</i>								14	
Тілдерді үйренуге жетіспейді	<i>қызығушылық</i>		17	28		16	14		11	13
	<i>әдістеме</i>									
Шеткі немесе шеткі көру – жылдам оқу құралдарының бірі болып табылады. Ол көздің ішкі торының шеткі жақтарымен жүзеге асырылады және бірнеше әріптің орнына, сөз немесе тіпті бір жолды толығымен көруге және түсінуге мүмкіндік береді. Шеткі көруді машықтандырудың классикалық тәсілі – Шульте кестесімен жұмыс істеу (15 сурет). Бұл кесте, көлденеңінен бес және тігінен бес, яғни 25 квадратқа бөлінген жазықты білдіреді. Әр квадратқа 1-ден 25-ке дейінгі цифрлар кездейсоқ тәртіпте. Оқушылардың мақсаты – тек ортадағы квадратқа қарап тұрып, цифрларды өсуі немесе кемуі бойынша ретімен табу. Қорытындылай келе, айтылған ұсыныстарды үнемі қолдану арқылы, оқу техникасынан жақсы нәтижеге жетуге болады!

Тыңдалым бойынша ұсынымдамалар

Оқыту процесінің шет тілді практикалық меңгеруге бағытталуына байланысты, сөйлемді тыңдау арқылы түсінуге көп көңіл бөлінеді. Тыңдалым проблемалары соңғы жылдары әдіскерлердің назарын аударып жүрген мәселе болып отыр.

Ауызша коммуникативтік іс-әрекеттің құрамына кіретін тыңдалым әрекет ретінде, өнеркәсіптік, қоғамдық немесе жеке қажеттіліктерге бағынышты кез келген ауызша тілдесуде қолданылады. Іс-әрекеттің бұл түрін меңгермейінше тілді үйрену және сөйлеу дағдылары мен біліктеріне жоғары талап қойылып отырған қоғамның заманауи даму кезеңінде, басқа тілде сөйлеуді қолдану мүмкін емес.

Аудиожазылым шет тілі бойынша оқу-әдістемелік кешеннің ажырамас бөлігі болып табылады.

Қазіргі кезде өзінің құрамына аудиоматериалдарды қамтитын оқу құралдарының түрлері көп. Алайда оларды қолдану көпшілік жағдайда аудио тасымалдағыштардан мәтін тыңдаумен, мәтін бойынша сұрақтарға жауап берумен немесе тест тапсырмаларын орындаумен шектеледі. Осылайша, басқа тілдегі сөйлемді қабылдау коммуникацияның құрамдас бөлігі ретінде, сонымен қатар, бір жақты әрекет түрінде болуы да мүмкін, мысалы, радионың бағдарламасын немесе телехабар не фильм тамашалау барысында мәтін тыңдау. Шет тіліне оқыту кезінде тыңдалым сөйлеу әрекетінің рецетивті түрі ретінде қарастырылады, оның мақсаты – оқытылатын тілдегі мәтінді барынша толық түсіну болып табылады. Аудиомәтінді тыңдау барысында тыңдаушының миында түрлі процестердің белсенділігі артады. Сөйлеушінің, тыңдаушының, мәтін мазмұнының және тілдесу жағдаятының ерекшеліктеріне байланысты, аудиомәтінді түсінуге көптеген факторлар әсер етеді. Өзге тілдегі сөзді тыңдауға үйрету үшін қандай мәтіндер қолданған дұрыс болады? Олар монолог және диалог, сұхбат, хабарлама, жаңалықтар, жарнамалық мәтіндер және т.б. болуы мүмкін. Тыңдалымға оқыту барысында әр түрлі дауыспен жазылған сөйлемдерді (ер/ әйел/ бала дауысы) қолдану маңызды болып табылатынын айта кету қажет, сонымен қатар білім алушыларды қарым-қатынас жасаудың нақты жағдайларына дайындау үшін, ілгері деңгейде диалектілерде сөйлейтін адамдарды қатыстыруға болады.

Басқа тілдегі сөзді тыңдауға үйретуге бағытталған жаттығулардың түрлі топтары бар, олар: қолданылатын мәтіннің түрі бойынша (монолог/диалог), түпнұсқалылығы бойынша (түпнұсқалы/оқу), күрделілігі бойынша (жекелеген дыбыстарды сәйкестендіруден нәтижелі/шығармашылық тапсырмаларға дейінгі) болып жіктеледі. Қойылған оқу мақсатына байланысты, жаттығуларды келесідей жіктеуге болады:

- сараланған жаттығулар – сөздің жекелеген бірліктерін қабылдауға және бөлуге бағытталған: фонем, морфем, сөздер, сөйлемнің және сөйлемдердің бөліктері және т.б.;

- мәтіннің (хабарламаның) мағына жасаушы элементтерін қабылдауға және түсінуге ықпал ететін жаттығулар: әрекеттің орны/уақыты, қатысушы тұлғалар, түйінді сөздер;

- іріктемелі тыңдалым – назарды нақты жағдаятқа, мақсатқа, бөлікке (нұсқама, жетектеуші сұрақтар және басқалар қажет) бағыттайды;

- толық түсінікті – мәтін бөліктерін мазмұндау немесе сипаттауға, содан соң тыңдалған мәтін мазмұнын толық айтуға бағытталған.

Тыңдалым процесі нәтижелі болуы үшін, білім алушылардың сөз қорын толықтыруға және аудиожазбаны тыңдау барысында туындаған қиындықты жеңуге мүмкіндік беретін жаттығуларды қолдану дұрыс болады.

Ауызша сөйлесудің естудегі лингвистикалық қиындықтарын жеңу үшін жаттығулардың келесі түрлерін қолдануға болады:

1. Фонетикалық қиындықтарды қабылдауға арналған жаттығу үлгілері.
2. Келесі сөздерді тыңдаңдар және ... дыбысы бар сөзді естігенде қол көтеріндер.
3. Сөйлемдерді тыңдаңдар және сұраулы (болымды, болымсыз) сөйлемді естігенде қол көтеріндер.
4. Сөйлемді тыңдаңдар және онда неше сөз бар екенін айтыңдар.
5. Естіген сөздерде неше дауысты және неше дауыссыз дыбыс бар екенін анықтаңдар.
6. Естіген сөздерде неше буын бар екенін анықтаңдар.
7. Жазылған сөздердің қатарынан естіген сөздеріңді табыңдар және белгілеңдер.

Қабылдаудың грамматикалық қиындықтарын жеңуге бағытталған жаттығулардың үлгілері.

1. Сөйлемдерді тыңдаңдар және олардың қайсысында іс-әрекеттің болып өткендігі (болып жатқандығы, болатыны) туралы айтылғанын айтыңдар
2. Диктордан кейін сөйлемдерді қайталаңдар. (Сөйлем біртіндеп ұзартылады).
3. Грамматикалық құрылымы бірдей сөйлемдерді тыңдаңдар және қайтадан айтыңдар.
4. Сөйлемдерді тыңдаңдар және мәнмәтін бойынша таныс грамматикалық формадағы таныс емес сөздердің мағынасын анықтауға талаптаныңдар.

Қабылдаудың лексикалық қиындықтарын жеңуге бағытталған жаттығулардың үлгілері.

1. Сөйлемдерді тыңдаңдар және таныс емес сөздермен берілген анықтамаларға көңіл аудармай, сөйлемнің мағынасын түсінуге талаптаныңдар.
2. Сөздердің тізімінен, сөйлемдерде естіген сөздерді белгілеңдер. Оларды дауыстап айтыңдар.
3. Берілген тізімнен диктордың айтқан сөйлемдерінде естіген сөздердің синонимдерін немесе антонимдерін белгілеңдер
4. «Аудармашының жалған достары» болып табылатын сөздер мен сөйлемдердің орысша аудармасын тізімнен белгілеңдер.
5. Тыңдалған цифрларды жазыңдар (телефон нөмірлері, даталар).

Тыңдалымға үйрену мен меңгеру кезеңдері білім алушылар үшін неғұрлым күрделі болып саналады. Себебі, оқушылар қажетті сөздік қор мен оларды сөйлеуде қолдану дағдыларын меңгермеулеріне, сонымен қатар тілдік біліктердің қалыптаспауына байланысты тілді қарым-қатынас жасау құралы ретінде қолдана алмауларында. Сондай-ақ, айтылып жатқан сөзді құлақпен есту арқылы толығымен қабылдай және түсіне алмауда болады.

Бұдан басқа себебі, тілді меңгеру ана тілінің интерференделуші күшті әсеріне байланысты болатын үлкен қиындықтарға және оқылатын тілде тәжірибенің болмауымен түсіндіріледі. Осының салдарынан білім алушы ілгері қарай баяу жылжиды және ол тілдік материалды меңгеруге көп күш пен уақыт жібереді, бұл өз кезегінде оқылатын пәнге қызығушылықты төмендетуге әкелуі мүмкін. Сондықтан оқу процесінің кез келген кезеңінде, тілді меңгеру деңгейін жеделдетуді қамтамасыз ететін және оны тілдесу құралы ретінде қолдануға мүмкіндік беретіндей, қарқындылықты арттыру маңызды болып табылады. Естілім қызметі (тілдік бірліктердің дыбыстық бейнесін ойға сақтау, сөйлеу ағынында оларды тану, дыбысталудың ерекше элементтерін тану, тілдік есту қабілетін дамыту және т.б.) және тілдік іс-әрекет түрлерінің артикуляторлық базасы тыңдалымға оқыту ерекшелігінің бірі екені белгілі. Сонымен бірге, дауыстап айту, орфографиялық дағдылар мен тілдік есту, дыбыстық-әріптік және әріптік-дыбыстық байланыстар түзіледі, тілдік материалдың қажетті қоры қалыптасады. Осы уақытта тыңдалым білігі мен дағдысының қалыптасуында көрінетін, тілдік қызметтің барлық түрлерінің негізі қаланады.

Ең алдымен тыңдалымды меңгеру үшін қандай біліктер бастапқы деңгей болып табылатынын білу қажет. Төменде тыңдалымды меңгерудің бастапқы деңгейін құрауы мүмкін жағдайлар берілген:

1. Сөзді баяу темпте қабылдау.
2. Хабарламаның тақырыбын анықтау.
3. Басты ойды белгілеу.
4. Мәтінді мағыналық бөліктерге бөлшектеу, хабарлама деректерін анықтау.
5. Басты деректі екінші кезектегі деректен бөлу және ойда басты деректі сақтау, мағыналық кезеңдерді бөліп көрсету, сөйлемнің мағыналық негізін анықтау.
6. Мәтін элементтерінің арасындағы логикалық байланысты орнату.
7. Хабарламаны аяғына дейін (мәліметтерді қалдырмай) қабылдау.
8. Бір рет айтылған хабарламаны қабылдау және ойда сақтау.

Тыңдалым шеберлігін қалыптастыру үшін қажетті келесі ретті ұсынуға болады:

- Хабарламаны айтылу барысында еш сөзін жібермей аяғына дейін, белгілі ұзақтықта, нақты темпте қабылдау;
- Хабарламаның тақырыбын анықтау;
- Басты ойды белгілеу;
- Басты деректі екінші кезектегі деректен бөлу және ойда басты деректі сақтау, мағыналық кезеңдерді бөліп көрсету, сөйлемнің мағыналық негізін анықтау;
- Мәтінді мағыналық бөліктерге бөлшектеу, хабарлама деректерін анықтау;

- Мәтін элементтерінің арасындағы логикалық байланысты орнату.

Аталған біліктерді бір уақытта, қатар қалыптастыру қажет, себебі олар өзара байланысты және бір-біріне тәуелді.

Тыңдалымның бастапқы деңгейін қалыптастыруға арналған жұмыстың келесі жүйесін ұсынамыз:

1. Хабарламаның тақырыбын анықтау.

Жұмыс шағын мәтін материалында жүргізіледі. Мұғалім – не туралы? – сұрағының жауабы хабарлама тақырыбында екенін түсіндіреді және 2-3 шағын мәтіннен тақырыпты ашудың жолдарын көрсетеді. Содан соң оқушылар шағын мәтінді тыңдайды, ұсынылған үш нұсқадан осы тақырыпқа сәйкес келетін тақырыптың тұжырымын таңдайды, тақырыпты өздері анықтайды және ең соңында мәтіннің мазмұнын бейнелейтін атау ойлап табады. Сондай-ақ, әр мәтіннің мағыналық кезеңдері қатар белгіленеді.

2. Басты ойды екінші кезектегіден бөлу, яғни мағыналық кезеңдерді және деректің мағыналық негізін анықтау.

Мұғалім материалдың бірнеше сөйлемінен: кім? не істеп жатыр? не болып жатыр? қалайша? сұрақтарына жауап іздеу арқылы, мағыналық кезеңдерді қалай бөлуге болатынын көрсетеді. Кейде келесі: қайда? қашан? қандай мақсатпен? нақтылайтын сұрақтарын да қолданады. Білім алушылар мағыналық кезеңдерді белгілеуді, анықтауды және естіген сөйлемді қайталауды үйренгеннен кейін, мағынасы жағынан өзара байланысты материалдар тобында осыған ұқсас тапсырмалар орындау керек. Аталған білікті дамытуға бағытталған, сонымен қатар барлық болашақ жұмыстар, сыныптың әр білім алушысы сәйкес тапсырмаларды (бұл жағдайда мағыналық кезеңдерді белгілеу және сөйлемнің мағыналық негізін қайталау) дұрыс және шапшаң темпте орындауды үйренгеннен кейін ғана аяқталады.

3. Мәтінді мағыналық бөліктерге бөлшектеу, хабарламаның деректерін (фактілерін) анықтау.

Алдымен мұғалім өзінің іс-әрекеттерін түсіндіре отырып, деректерді (фактілерді) өзі белгілейді. Білім алушыларға фактілерді белгілеу үшін, мәтіннің ішінен не туралы? және не? сұрақтарына жауап табу қажеттігін түсіндіру қажет. Дауыстап айтылып тұрған мәтін материалының негізінде келесі тапсырмаларды орындау ұсынылады:

- мәтінді мағыналық бөліктерге бөлу және олардың санын есептеу ұсынылады;

- мәтіннің негізгі деректерінің әр қайсысына сұрақ қоя отырып, атап шығу;

- мәтіндегі фактілердің жүйелі ретіне сәйкес жоспар пунктерін қою;

- тыңдалған мәтіндегі фактілерге сәйкес жоспар жасау (артықтарын алып тастау, қалып қойғанды қосу, қателерді дұрыстау);

- мәтіннің барлық фактілерін қамтитын жоспар құрастыру. Мәтіннің тақырыбы және түйінді сөздері қатар анықталады.

4. Мәтін элементтерінің арасындағы логикалық байланыстарды анықтау.

Бұл білікті меңгеру үшін толық айтылатын шағын мәтін қолдану қажет. Мұғалім нақты мәтін үлгісінде оның композициясын: басын, негізгі бөлігін, аяқталуын көрсетеді. Ол әр келесі сөйлемге сұрақ қою арқылы мазмұнын логикасын жасырады. Бұл кезеңде келесі жаттығуларды орындау ұсынылады:

- сөйлемдерді логикалық ретпен орналастыру (5-тен кем емес қысқа сөйлемдер);
- мазмұндау логикасына сәйкес сөйлемдердің орнын ауыстыру;
- мазмұндау логикасын бұзатын сөзді немесе сөйлемді ауыстыру және оқиганы логикалық ретпен сипаттауды «мазмұнды суретке» сәйкестендіру;
- деректердің ретін сақтай отырып, мәтін желісінің жоспарын құру.

5. Басты ойды анықтау.

Білім алушыларға негізгі ой автордың түпкі ойын білдіретінін және автор бұл туралы қандай мақсатпен айтқаны сұрағына жауап беретінін түсіндіру қажет. Содан соң мәтінде ашық айтылған басты ойды қарастыру қажет. Бұдан кейін білім алушылар ұсынылған үш нұсқаның ішінен, тыңдалған мәтіннің мығынасына сәйкес келетін мәтіндегі басты ойды өздері табулары және негізгі ойды өздері құрастырулары тиіс.

6. Нақты темппен (шапшаңдықпен) баяндалған (бұл жағдайда баяу айтылған) және айтылудың белгілі ұзақтығындағы (1,2 – 2 минут) хабарламаны аяғына дейін үзбестен қабылдау.

Бұл біліктіліктерді қалыптастыруды бір уақытта жүзеге асырған жөн. Мұғалімнің білім алушыларға, оларға мәтіннің басын ғана естеріне сақтауға ұмтылмаулары қажет екендігін айтқаны дұрыс, себебі, бұл жағдайда олар шаршап, бәсеңсиді және олар тыңдалынған ақпараттың соңын естеріне нашар сақтайды. Оларға 2 және 3 біліктерге сүйене отырып, барлық мәтіннің негізгі мазмұнын естеріне сақтауға және ақпараттың соңын мұқият тыңдағандары жөн, себебі, көп жағдайда соңында маңызды ақпараттар мазмұндалады.

Тыңдалымның базалық біліктерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін кейбір тәсілдер осындай. Тыңдалымдағы біліктерді қалыптастыру барысында келесідей мәтін түрлерін қолданған жөн:

- ортақ тақырыпқа ие, қысқа монологтық пікірлер, микромәтіндер, *негізгі мазмұнды түсіну арқылы тыңдалым үшін*;
- хабарландыру, жарнама, тұрмыстық диалогтар, қысқа сұхбаттар, *қажетті ақпаратты алу арқылы тыңдалым үшін*;
- ғылыми-көпшілік тақырыпқа ие, сұхбат, әңгіме, жүгіну, сөз сөйлеу, толық түсіну арқылы тыңдалым үшін.

Тыңдалым бойынша тапсырмаларды орындаудың реттілігі:

Аудиомәтінді тыңдағанға дейін

Тапсырмаға арналған нұсқаулықты мұқият оқыңыз. Тапсырманы орындау технологиясын анықтаңыз.

Мәтінді тыңдаудан бұрын, тапсырмадан сөйлемді оқу, яғни, байланыстыру тізімін ойлап табу, кілтті сөздерден семантикалық ая жасау арқылы оның тақырыбын/тақырыптарын анықтап алған жөн.

Аудиомәтінді тыңдау барысында

Білім алушылардың назарын тапсырмада пайдаланылатын лексикамен мағынасы бойынша ұқсас сөздерге немесе синонимдік сөз тіркестеріне топтастырыңыз. Кейбір сұрақтарға білім алушылар бірінші тыңдаудан кейін жауап беруі мүмкін. Білім алушылар, дұрыс деп тапқан жауаптарын таңдаулары қажет.

Бірінші тыңдалым барысында білім алушылар кейбір сөздерді, сөйлемдерді, тіпті мағынасын түсінбеуі мүмкін. Оларға алаңдаудың еш қажеттілігі жоқ, оларды тыныштандырып, әрі қарай байсалды тыңдау керек, мәтінде қайталанулар немесе өзге де түсінікті ой тұжырымдары болуы мүмкін.

Тыңдалым кезінде білім алушыларға барлығын сөзбе-сөз түсінудің қажеттілігі жоқ. Әрбір сөзді тыңдап, жаттап алу ана тілінде де мүмкін емес. Бейтаныс мәтінді тыңдау барысында, байланыстыру тізіміне немесе олардың кілтті сөздерінің семантикалық аясына кіретін, анықталған сөздерге назар аударған дұрыс. Олар үшін бұл белгі сөздер.

Бейтаныс сөздердің мағынасын сөз тіркестерінен, мәнмәтіннен тілдік болжам арқылы анықтауға болады.

Білім алушыларға бейтаныс мәтінді түсінуге көмек бере алатын сөз топтарына назар аударыңыз! Олар:

- уақыт
- ұзақтылық
- бағыт
- пікірлер, пайымдау, теріске шығару, күдік, болжам, қанағаттану

Қайталап тыңдау барысында білім алушылармен қалған тапсырмаларды орындаңыз және дұрыс жауап таңдалғанына тағы да бір рет көз жеткізіңіз. Барлық алдыңғы нұсқаулықтар білім алушыларға мәтіннің басты ойын тез түсінуге көмек береді.

Тілдердегі хат бойынша ұсынымдамалар.

Білім алушылардың төменгі орфографиялық сауаттылығының кең таралған себебі, орфографиялық дағдының қалыптаспағандығы болып табылады. Орфографиялық дағды – бұл, қиын дағды. Ол ұзақ жаттығулар үрдісінде қалыптасып және келесідей, қарапайым дағдылар мен біліктерге сүйенеді:

- 1) хат жазу дағдысы;
- 2) фонетикалық жағынан сөзді талдау білігі;
- 3) сөздің морфемдік құрамын орнату және тексеруді талап ететін, сөзден орфограмманы талдап шығару білігі;
- 4) орфограмманы сәйкес келетін ережеге негіздеу білігі.

Орыс тілі бойынша түрлі нұсқаулықтардың, «еске түсіру», анықтама материалдарының, жиынтық ережелердің көптеген сызбалары бар. Бірақ, білім алушылар, оларды қалай пайдалануы керек? Әрбір білім алушыны тіл ережесін қатесіз пайдалануға қалай үйрету қажет? Соңғы жылдары мұғалім қызметінің тәжірибесіне алгоритмдер кіруде. Алгоритмді сабаққа қалай енгізу керек? Әрине, ережемен танысқаннан кейін. Бірінші тәсіл: дайын алгоритмді толығымен беру. Екінші тәсіл: біртіндеп. Үшінші тәсіл: жетекші сұрақтармен білім алушыларды алгоритм құруға баулу.

Алгоритмді енгізгеннен кейін, іс-әрекетті бірнеше рет қайталау арқылы бекіту қажет. Бұл жерде барлығы мұғалімнің қиялына, тақырыпты бекіту жұмыстарының тәсілдеріне байланысты. Бастапқыда, міндетті түрде, ауызша жұмыс (көлденең және жеке), кейін жазбаша жаттығулар (пікір білдіру, іріктемелі диктант, іріктемелік-бөлу жұмыстары және т.б.).

Қатесіз жазу үшін:

1. Сөздегі орфограмманы тап.
2. Әріпті білетіндігін анықта.
білесің білмейсің
3. Жаз
3. Білген жағдайда жаз
4. Тексер:
 - буынға бөліп оқы;
 - орфограмманы тап;
 - әріптер таңдауыңды түсіндір;
 - қателеріңді түзе

Білім алушылардың сөздегі немесе сөйлемдегі, ережені қолдану қажет орынды анықтауы мақсатында, алгоритммен ұсынылған, логикалық операцияларды жасауды үйренгендігі маңызды. Орфограмманың анықталуы және басқалармен шатастырылмауы үшін не істеу қажет?

Білім алушылар орфографиялық тапсырманы шешудің алгоритмін пайдалануды үйренулері қажет:

1. орфографиялық міндет туындаған орынды анықтау;
2. аталған орфограмманың, ереженің қай тобына жататындығын анықтау;
3. сөздің қай бөлігінде орфограмманың орналасқан;
4. қай әріпті тексеру қажеттігін анықтау: дауысты немесе дауыссыз;
5. сөздегі екпінді анықтау;
6. тексерілетін немесе тексерілмейтін орфограмманы анықтау;
7. ережеге сай сөзді жазу.
8. Орфографиялық қырағылықты дамыту жаттығулары:
 - теріп жазу;
 - көру диктанты;

- «Сөзді тап» диктанты – мұғалім түсіндіреді, балалар сөзді жазады (Көп жағдайда аталған диктанттар білім алушылар тарапынан құрастырылады.);

- «Дыбыссыз» диктант – мұғалім суретті көрсетеді, білім алушылар сөзді жазады;

- лексикалық диктант – айтылған сөздерге балалар түсініктеме берулері қажет;

- «Дос үшін» диктанты (белгілі бір тақырыпқа білім алушылармен даярланған, 15-20 сөзден тұратын сөздік диктант) аталған немесе өзге орфограмманың жазылуында пайда болған түсінбеушіліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Мұғалімге аталған орфограммалар бойынша жұмыс жасау керектігіне белгі ретінде;

- «Айырмашылығын түсіндір» тапсырмасы – мағынасы бойынша әртүрлі, дыбысталуы бойынша бірдей сөздермен жұмыс (бұл нақты мағынасын білмегендіктен пайд болатын, аталған сөздерді қолданғанда туындайтын қателіктерді анықтауға көмек береді);

- сөз тіркестері мен сөйлемдер құру.

Сөздікпен жұмыстың келесі кезеңі – диагностикалық сөздік диктант. Аталған жұмысты орындау барысында, білім алушыларға едәуір қиын сөздер анықталады. Олармен келесі сабақ бойы жұмыс жасаймыз. Осыдан кейін ғана қорытынды сөздік диктант беріледі.

Жүйелі жұмыс оң нәтиже береді: жақсы және өте жақсы деген, бағалар көбеюімен қатар, білім алушылардың сауатты жазуға деген ынтасы туындайды.

Тұрып жатқан елдеріне байланысты, әлем қазақтары ана тілінің әріптері бойынша айырмашылықтар бар. Еуропа, Түркия және Түркіменстан қазақтары латын әріптерін, ал Қытай қазақтары араб әріпін қолданады. Өзбекстан қоғамы өзбек тілін латын әріпіне ауыстырғанымен, аталған елдегі қазақ мектептерінде осы күнге дейін кириллица қолданылып жүр. Бұл өз кезегінде оралман балаларға ЖОО мен колледждерге түсу мүмкіндігі жоқ деген сөз немесе өту емтиханы тек өзбек тілінде ғана жүзеге асырылады. Сонымен қатар, түрлі елдердегі оқыту бағдарламаларының айырмашылықтары бар екендігін атап өткен жөн.

Қазақстанның жалпы орта білім беру ұйымдарында оралман балалармен, олар келген күннен бастап, оқу-тәрбиелік жұмыстар жүргізіледі. Тілді жетік меңгерулері үшін мектептерде арнайы курстар «Тіл дамыту», «Тіл мәдениеті», «Сөз өнері» енгізіледі. Қызығушылықтары бойынша үйірмелер, қазақ және орыс тілдері бойынша факультативтік сабақтар ұйымдастырылады.

Түсіну және салыстыру мақсатында ағылшын және қазақ тілінің оқыту әдістемесін алыңыз, оларды сәйкестендіру біздің әдістемеміздің барлық кемшіліктерін анықтап береді. Егер, қазақ филологиялық-лингвистикалық тәжірибесі шетелдік тілдермен тығыз байланысты болған және көптілділікке бағытталған жағдайда, біз жоғары кәсіби оқулықтарға, сөздіктерге, бейімделген әдебиетке ие болған болар едік.

Қалыптасқан еліміздегі әдістемелер тиімді болып табылмайды. Бұл көп жағдайда қарапайым тәсілдермен мазмұндалмаған, күнделікті өмірде пайдалануға қиын, ақпараттың көп көлемі болып табылады. Бұл тілді үйренуге ниеттенген адамдардың көп жағдайда ынтасын төмендетеді. Заманауи әдістер, ойын жағдайы және жеңілдік принциптері бойынша пайдалануға ыңғайлы, айқын, білім беру үрдісіне тартулары керек. Шетел азаматтарына, түрлі этникалық топтағы және жастағы адамдарға әдістемелер әртүрлі болулары қажет. Аталған топтағы адамдардың қазақ тілі жайлы ойлары айтарлықтай айырмашылықтарға ие. Бірақ, барлық әдістемелер «нәтиже беруші әдіс» ретінде көрсетілетін ортақ буынға ие болулары қажет.

Тілдегі бастапқы білімдерді бекіту үшін білім алушының бейімделген мәтіндерді оқығандығы дұрыс. Әдістемелік қателік – бұл, танымал адамдар өмірінен немесе тарихтан алынған ескі мәтіндер мен лексиканы пайдалану. Оқыту материалдарының көп бөлігі қалыптасқан, нақты өмірге қатысы жоқ тарихи мәтіндерден, өткен ғасыр жазушыларының қиын өлең жолдарынан алынған ақпараттардан тұрады.

Тіл – бұл, қарым-қатынас құралы: бастапқыда қазақ тілінде сөйлеуді үйретіп, кейіннен жекелей дағдыларды жетілдіру мақсатында мәдени ақпараттармен толықтырған жөн. Еліміздегі көптеген адамдардың еуропалық ойлау дағдылары бар, олар қазақ тілінде өздеріне таныс Чеховтың, Конан Дойл, О.Генридің және т.б. қысқаша әңгімелерін оқыған болар еді. Балаларға: Андерсеннің, ағайынды Гриммдердің, Льюи Кэрролдың, Маршак және т.б. ертегілері. Осыдан кейін қазақ ертегілерін, «Менің атым Қожа» фильмін және т.б. болады.

Шет тілдерін оқытудың заманауи білім беру әдістері қатты дамыған және түрлі елдерде өзіне тән ерекшелікке ие. Бірақ, бұл жаңадан еш нәрсе ойлап таппай-ақ, дайын тәжірибені алуға еш кедергі жасамайды. Жекелей алғанда ағылшын тілін оқыту әдістемесі табысты болып табылады.

Кез келген тілді оқыту стандарты, бастапқыдан толық меңгеруге дейінгі алты деңгейден тұрады. Қазақ тілін оқыту әдістемесі шартты түрде үш деңгейге ғана бөлінеді: тілді аралық білу нұсқасын есепке алмағанда, бастапқы, орта және жоғарғы. Бұл тілді оқыту қисынының реттілігін бұзу болып табылады. Мысалы, ағылшын тілінде бейімделген мәтіні бар оқулықтардың бес деңгейі бар. Біріншісі, 400 жиі қолданылатын, екіншісі, 800 жиі қолданылатын, үшіншісі-1200 және т.б. сөздерден тұратын оқулық және т.с.с. Яғни, кезең-кезеңнен тұратын білім беру жүйесі.

Өзге тілді меңгеру барысында туындайтын қиындықтар мен анықталған міндеттер кезінде не тірек бола алады? Мүмкін, бұл өзектендіруді қажет ететін, нақты тілдік қабілеттіліктерге ие, тілдік тұлға әлемі. В.О.Макавчик пен В.В.Максимованың пікірінше, егер, тұлғаның тілдік қабілеттілігінің негізінде ассоциативті-вербалдық желіні тіркеу қабілеттілігі жатса, онда, шет тілінің

шеңберінде біртіндеп дамуы (ана тілі саласында болашақ таныс бола тұра) қажет, сөздерді қалыптастырудың байланыстырушылық жолына иек артуға болады. Аталған аспектіде қарастырылатын, тілдік қабілеттілік - бұл, келешектегі сөйлемде өзінің мүмкін орынын табу арқылы, аяқталған сиктасистік ортаның бір бөлігі болып, нақты сызбасын алуға дайын болу [17].

Білім беру үрдісін табысты ұйымдастыруда ынталандырудың алатын орыны зор.

Ынталандыру – білім мазмұнын белсенді меңгеруге, продуктивті танымдық қызметке білім алушыны жетелейтін құралдар, әдістер, үрдістердің жалпы атауы

Кең ауқымды әлеуметтік уәждеме тіл игерудің негізі болып табылады. Кішігірім әлеуметтік топтармен белсенді жұмыс жасау байыпты және тұрақты ынталандыру болғанда ғана мүмкін болады. Ең күшті ынталандыру факторы – ол алдағы тиімді кәсіби іс-әрекетке дайындық.

Кішігірім топтардағы тілдік дайындыққа белсендіру факторларын қарастырайық. Солардың ішінде келесіні атап айтуға болады:

1. Орындалатын жұмыстың пайдасы.

Қазақстанда және де әлемдік қауымдастықта проблемалық оқыту шегінде қандай да бір тіл мәртебесін анықтау үшін білім алушыларға «Ол тіл бізге не үшін керек?» деген сұрақ қойылады.

Егер оқушы өз жұмысының нәтижесі оқуда және де одан кейінгі кәсіби іс-әрекетінде қолданылатын білетін болса, онда тілді үйренуге деген көз қарасы жақсарып және жасалынатын жұмыстың да сапасы артады. Бұл жерде білім алушыны жасалынатын жұмыстың қаншалықты қажет екенін психологиялық теңшеулету қажет.

2. Балалардың оқу іс-әрекетіне қатысуы. Олар ғылыми-зерттеулерге, тәрбие жұмыстарына (ғылыми жұмыстар, Тілдер мерекесіне арналған әртүрлі іс-шараларға, ресми мерекелерге) қатысуы.

3. Оқу пәндері бойынша олимпиадаларға, ғылыми-зерттеу жұмыстарының байқауына және т.б.

4. Алған білімді бақылауды ынталандырудың факторларын пайдалану (жинақ бағалау, рейтинг, стандартты емес емтихан түрлері). Осы факторлар белгілі бір жағдайларда жарыспалылыққа жетелеуі мүмкін, ол өзін-өзі жетілдірудің күшті ынталандыру факторы болып табылады.

5. Оқудағы және шығармашылық іс-әрекеттегі жетістіктерді мадақтау.

6. Тілдік дайындыққа ынталандыруды күшейту оқу процесін ұйымдастырудың келесі түрлерін қолдануда мүмкіндік береді:

- іскерлік ойындар;

-дебаттар;

-қызығушылықпен оқыту;

-оқу материалының жаңартылуы;

-оқытудың жаңа және дәстүрлі емес нысандарын пайдалану;

- проблемалық оқыту;
- компьютерді пайдаланып оқыту;
- мультимедиа-жүйесін қолдану;
- интерактивті компьютерлік құралдарды пайдалану;
- бірі-бірін оқыту (жұптық, кіші топтық);
- білімін, іскерлігін тестілеу;
- білім алушылардың жетістіктерін көрсету;
- ұстаздың педагогикалық тактысы және шеберлілігі, өз пәніне және білім алушыларға деген қарым-қатынасы.

Коммуникативтік тәсіл ынталандырудың негізгі түрі, себебі ол кез келген тілді зерделеудегі табиғи қажеттілік. Білім алушылар саналы түрде, бір ауыздан өз қажеттіліктерін коммуникативті түрде тұжырымдайды, дәлірек айтқанда: кәсіби мақсатта және ой-өрісін кеңейту үшін оқу және жазу, сол немесе өзге тілді ресми-іскерлік стильде ауызша қолдану, ауызша көпшілік алдында сөйлегенде материалды баяндау және де басқалары.

Қосымша А

Тіл бойынша негізгі білімі бар, оралман - балаларға арналған орыс тілі сабағының оқу жоспарының мысал келтірейік.

Сабақтың тақырыбы: «Жаз және демалыс».

Сабақтың мақсаттары:

1) білімдік:

- оқушылар жазғы демалысты өткізудің әртүрлі мүмкіндіктерін игереді;
- оқушылар ізденіп оқу дағдыларын игереді;
- оқушылар диалог жүргізу іскерлігін игереді;

2) тәрбиелік:

- қарым –қатынас мәдениетін тәрбиелеу;
- әңгімелесушіні тыңдай білуді тәрбиелеу;

3) дамытушылық:

- аналитикалық ойлау іскерлігін дамыту (маңыздысын анықтау, салыстыру);

Жарақтандыру:

- сабақтың конспектісі;
- тоз тақтасы;
- «Смешарики» мультфильмінің кейіпкерлерінің суреттері.

Сабақ барысы:

Мұғалім: Осымен тағы да бір оқу жылы аяқталып келеді, жақында жазғы демалыс. Демалыс сендерге жақсы демалу және жаңа достармен танысу мүмкіндігі. Сондықтан біз «жаз» және «демалыс» деген сөздердің сендер үшін нені білдіретіні туралы айтамыз, және де жазғы демалысты қалай көңілді өткізуді білеміз және сол туралы айтып үйренеміз.

Тапсырма 1. Жаз деген не? Күннің суретін сал (жаппай жұмыс істеу формасы).

Оқушылар мұғаліммен бірге күн үлгісінде салынған сызбаны толтырады және «жаз» және «демалыс» деген түсініктермен байланысты сөздерді жазады, мысалы : демалу, жылы, өзен және т.б.

Тапсырма 2. Сөздерді оқы және әрбір жолда артық сөзді анықта (жеке жұмыс істеу формасы, бақылау формасы- жаппай).

Жаз: жылы, әдемі, демалыс, қар, күн.

Жазда не істеу керек: шомылу, ойнау, сабақ оқу, қыдыру.

Жазда қайда бару керек: теңіз, мектеп, лагерь, ауыл.

Тапсырма 3. Көршіңмен бірге сөздерден сөзтіркесін құрастыр (А және В пункттерінен сәйкес сөздерді біріктіріп) (жұмыс жасаудың және бақылаудың формалары- жұппен).

А + В . Мысалы, достармен ойнау.

А: Ойнау, қыдыру, шомылу, сырғанау, міну

В: теңізге, достармен, өзенде, лагерьге, ауылға, велосипедке, роликке, скейтборға, саябақта, аттракционда, көлде.

Тапсырма 4. Смешариктердің жазды қалай өткізетіні туралы әңгімені оқып шық, және онда кеткен қателерді түзет. (жеке жұмыс істеу формасы, бақылау формасы- жаппай).

Балаларға «Смешарики» мультфильмінің басты кейіпкерлерінің атынан жазылған әңгімелер беріледі. Осы тапсырманы орындау барысында оқушылар жазғы демалысты қалай өткізу керегін біліп қоймай, сонымен бірге мәтінде кездесетін қателерді табуды үйренеді. Осы сияқты тапсырмалар грамматикалық дағдылар мен іскерліктерді дамытады.

Әңгіме 1: *Я очень люблю лето. Летом я много гуляю с моими друзьями. Мы часто запускаем воздушных змеев, катаемся на ролики и много купаемся в реку.*

Әңгіме 2: *Летом я очень люблю петь и пою я постоянно. Мы с друзьями часто устраиваем по вечерам концерты в лесу.*

Әңгіме 3: *А я люблю летом путешествовать, потому что я люблю узнавать много нового и интересного о других странах и городах.*

Тапсырма 5. Өзіңді журналистпен деп елестет, сенің тапсырмаң- балалардан жазғы демалысты қалай өткізгені туралы сұрақ қоюың керек. Бірге отырған көршіңмен сөйлес. Осы сұрақтар саған интервью құрастыруға көмектеседі. Сосын рольдеріңді ауыстыруды ұмытпаңдар (жұмыс және бақылау формасы- жұппен жұмыс).

Жазғы демалысты кіммен өткізесің: достарыңмен бе әлде ата-анаңмен бе? Сен жазғы демалысты қайда өткізесің? Сен қаладан басқа жаққа барасың ба? Қайда барасың: лагерьге ме, ауылға ма, теңізге ме, орманға ма, көлге ме?

Қыдыруға барасың ба? Сен қай жерде қыдырғанды жақсы көресің? Жазда сен тағы нені істегенді жақсы көресің?

Сабақтың соңында мұғалім қорытындылайды және тағы бір рет балалармен бірге жазғы демалысты өткізудің тәсілдерін тақтаға негізгі мүмкіндіктерді жаза отырып қайталайды.

Мұғалім: сонымен, сендер жазғы демалыста не істей аласыңдар? Тағы бір рет жазғы демалысты өткізудің қандай мүмкіндіктері бар екенін қайталайық (балалар өз нұсқаларын атап айтады): лагерьге бару, теңізге бару, достармен қыдыру және т.б.

Мұғалім балалардың тақтаға жазғанды дәптерлеріне жазып отырғанын бақылауы керек.

Үй тапсырмасының орнына оқушылар «Менің жазғы демалысым» тақырыбында № 5 жаттығудағы тірек сұрақтарды қолдана отырып, шағын шығарма жазады. Шығармаларға қосымша балалар суреттерді немесе фотографияларды жапсыра алады. Үй тапсырмасын орындап болған соң оқушылардың жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, одан кейін жұмыстарды талқылап және ең жақсы жұмысты таңдап алу қажет. Жұмысы ең жақсы деген балаға мадақтау қағазын беруге болады. Ал қалған балаларға бұндай мадақтау орыс тілін үйренуге деген ынталандыру болып табылады.

Сабақта «Жаз және демалыс» тақырыбын таңдау кездейсоқ емес. Балалар жазғы демалысты қалай өткізгендері туралы жиі әңгімелеседі. Ал оралман-балаларға осы тақырыпта әңгімелесу үшін сөздік қоры жетпей жатады.

Осылайша, жазғы демалысты қалай өткізгендері туралы диалог құрастыру арқылы, оралман - балалар өз замандастарымен сыныпта, мектепте, аулада емін –еркін сөйлесе алады.

« Игілік сабақтары»

Ұстаздардың, оралман-балалардың, олардың қазақстандық замандастарының, оралман ата-аналардың және қазақстандық балалардың ата-аналарының өзара қарым –қатынасын жүзеге асыруға бағытталған «Игілік сабақтары» факультативтік курстар шеңберіндегі жұмыс өзара түсіністік пен қолдау жағдайларын жасауға мүмкіндік туғызады, ол әрі қарай ересектер мен балалар арасындағы толеранттілікті қалыптастыру негізі, оралман-балалардың және олардың ата-аналарының мектепте және социумда әлеуметтік-психологиялық бейімделу негізі болады [33].

Пайдаланылган әдебиеттер

1. www.nur.kz
2. О миграции населения. Закон Республики Казахстан от 22 июля 2011 года № 477-IV
3. Закон РК от 26.06.1992 № 1437 «Об иммиграции»
4. Жетесова М.Т. Механизм экономической интеграции оралманов в казахстанское общество. Дис. к.э.н. Университет Туран, Алматы, 2007
5. Касымова Д. Выравнивание возможностей: пути адаптации молодого поколения оралманов к современной образовательной системе Казахстана. Вестник КазНУ. Сер. Историческая, 2012. - № 1
6. Гендерные вопросы в Казахстане. Официальный Интернет- ресурс, 2016г.
7. Иванова В.И., Тивьяева И.В., Евсина М.В. Англоязычная научная коммуникация как инструмент презентации результатов исследований. Журнал Известия Тульского ГУ. Гуманитарные науки. № 4, 2013
8. Закон Республики Казахстан «О правах ребенка в Республике Казахстан», от 8 августа 2002 года №345-II
9. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Смагулова Ж.С., Аканова Д.Х. Словарь социолингвистических терминов. – Алматы, 2007.
10. Д. Дэвид, Джерри Дж. Большой толковый социологический словарь, 2001г. 3. Социология: Энциклопедия / Сост. Грицанов А.А., Абушенко В.Л., Евелькин Г.М., Соколова Г.Н., Терещенко О.В.
http://mirсловarei.com/content_soc/ADAPTACIJA-13154.htm.
11. <https://studfiles.net/preview/5351069/page:14> Понятие и стадии социальной адаптации
12. Погребницкая Е.М. Адаптация детей-мигрантов в условиях образовательной организации-Пермский педагогический журнал, №7/ 2015
13. Слюсарева Е.С. Комплексное сопровождение субъектов инклюзивного образовательного процесса: из опыта экспериментальной работы. Журнал Вестник Университета (ГУУ), Москва, 2014
14. Кассен Г.А., Сейилбекова Н.Ж. К проблеме необходимости сопровождения процесс инкультурации. group-global.org/sites/default/files/.../Kassen.Seeilbekova
15. Багироков, Х.З. Билингвизм: теоретические и прикладные аспекты (на материале адыгейского и русского языков): монография [Текст] / Х.З. Багироков. – Майкоп: Изд-во АГУ, 2004
16. Пиаже Ж. Моральные суждения у ребенка. – М., 2006
17. Татуйко И.Н., Сартакова Е.Е. Этапы развития этнического сознания и этнической идентичности у детей. ФГБОУ Томский ГПУ.
18. Сапрыкин И.С. Основные проблемы интеграции детей-мигрантов в Российском обществе и методы их решения// В сборнике: Актуальные вопросы

современной науки и образования Материалы 3 Международной научно-практической конференции. Сборник научных трудов. НОУ «Вектор науки»; научный редактор Г.Ф. Гребенщиков. 2016. С. 23-29

19. Зборовский Г.Е., Шуклина Е.А. Обучение детей мигрантов в Западной Европе: существующие подходы и их эффективность. // Журнал «Вестник Нижегородского университета имени Н.И. Лобачевского. Серия: Социальные науки» №1/2016, С. -158-167

20. <https://cyberleninka.ru/article/n/izrailskiy-opyt-organizatsii-repatriatsii>

21. http://detki.co.il/useful/2015/03/14/ot_yaslej_do_okonchaniya_shkolyi/

22. <http://www.demoscope.ru/weekly/2006/0251/analit03.php/analit09.php>

23. www.moia.gov.il/Publications/education_ru.

24. Ревунова Н.А. Особенности адаптации русскоязычных детей к обучению в средней школе США // Вестник Московского городского педагогического университета. Серия: Педагогика и психология. 2011. №2. С.-85-92

25. www.o-ph.fi/download/47668_OPH_maahanmuu.ajaesitevevalmis.pdf

26. <https://cyberleninka.ru/article/n/k-voprosu-ob-obuchenii-detey-immigrantov-vo-frantsii>

27. www.ipode.gr

28. https://elibrary.ru/full_text.asp?id=27452308

29. Агманова А.Е., Журавлева Е.А. Русский язык как компонент полиязычия в аспекте этнокультурного взаимодействия – Материалы рамочного симпозиума, Алматы КУ, 2016

30. <http://portal.tpu.ru>

31. http://www.school101.ru/index.php?option=com_content&view

32. <http://открытыйурок.рф/статьи>

33. <https://sibac.info/conf/pedagog/xiii/26923>

ГЛОССАРИЙ

ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕУ – тұлғаның немесе әлеуметтік топтың әлеуметтік ортамен өзара әрекеттестігі; ол әлеуметтену барысында нормалар мен құндылықтарды меңгеру, сондай-ақ әрекеттің жаңа жағдайлары мен мақсаттарына сәйкес ортаның өзгеруі, түрленуін қамтиды.

БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ ЫҚПАЛДАСТЫРУ ҚЫЗМЕТТЕРІН КӨРСЕТУ – оралмандар мен олардың отбасы мүшелеріне қоғамға бейімдеу және ықпалдастыру мақсатында көрсетілетін (ақпараттық, заңдық, әлеуметтік, медициналық және білім беру) қызметтер кешені

ЕКІНШІ ТІЛ – индивидтің ана тілінен кейін меңгерген тілі

ІШКІ КӨШІ-ҚОН - жеке адамдардың Қазақстан Республикасының ішінде біржолата немесе уақытша орын ауыстыруы.

КӨШПІ КЕЛУШІ – Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келген шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам

КӨШПІ КЕЛУ – шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына уақытша немесе тұрақты тұру үшін келуі

ТАРИХИ ОТАН – 1) белгілі бір адамның туылған жері, яғни оның туылған территориясы, мемлекеті; 2) адамның туылған жеріне байланысты емес тумасы бойынша титулдық ұлтына қатысты мемлекет

КӨШПІ-ҚОНУШЫ - Қазақстан Республикасына келген және Қазақстан Республикасынан кеткен, сондай-ақ себептеріне және уақытының ұзақтығына қарамастан Қазақстан Республикасының ішінде қоныс аударған тұлға.

КӨШІ-ҚОН - жеке адамдардың бір мемлекеттен екінші мемлекетке, сондай-ақ мемлекет ішінде біржолата немесе уақытша орын ауыстыруы.

ОРАЛМАН - тарихи отанында тұрақты тұру мақсатымен Қазақстанға келген және Заңда белгіленген тәртіппен тиісті мәртебе алған, Қазақстан Республикасы егемендік алған сәтте шетелде тұрақты тұрып жатқан ұлты қазақ шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар және олардың Қазақстан Республикасы егемендік алғаннан кейін одан тысқары жерде туған ұлты қазақ балалары

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ – тәрбиеленушілердің тұлғалық дамуы мен өзін-өзі жүзеге асыру, әр түрлі өмірлік таңдау жағдаяттарында олардың дербестігі мен сенімділігін дамыту үшін жағдайлар жасауға бағытталған педагогикалық әрекет.

РЕПАТРИАНТ – көшіп-қонушы – өз елінен ерікті немесе мәжбүрлі түрде көшіп кеткен адам

РЕПАТРИАЦИЯ – адамның ата-бабасы, ата-анасы немесе өздері сәйкес территорияда тұрған тарихи отанына (немесе оның бөлігіне) оралуы.

АНА ТІЛІ – баланың сәбилік шақтан бастап өзін қоршаған ересек адамдарға еліктеу жолымен игерілетін тіл.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР – қоғамдағы құбылыстар мен заттардың олардың ақиқат шындыққа сәйкестігі немесе сәйкес келмеуінің, әлеуметтік топтардың, жеке тұлғаның маңыздылығы.

ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІК – субъектінің өзінің осы этникалық топтар өкілдерімен бірігуінің эмоциялық–когнитивтік үрдісі, сонымен бірге оның тарихқа, мәдениетке, өз халқының ұлттық салт-дәстүрлеріне, оның мұраттарына, фольклор және тілге деген қызығушылығы мен сезімдеріне, этностың тұру аймағы мен мемлекеттілігіне оң көзқарасы.

ЭТНОС – (грек. ethnos – топ, тайпа, халық) - белгілі территорияда ұзақ уақыт бірге өмір сүрген ортақ тілі, мәдениеті және дүниетанымы арқылы бірлескен адамдардың ұрпақаралық топтары.

ЭМИГРАНТ – (лат. emigrare - көшу, көшірілу) басқа елге қоныс аударған тұлға; келімсек.

ОРАЛМАНДАРДЫ БЕЙІМДЕУ ЖӘНЕ КІРІКТІРУ ОРТАЛЫҒЫ – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен құрылатын және оралмандарға, олардың отбасы мүшелеріне уақытша тұру, бейімдеу және кіріктіру қызметтерін көрсетуге арналған заңды тұлға.

ТІЛДІК БАРЬЕР – ұжымның тілін білмеуі немесе жеткіліксіз білуі, осы ұжымның мүшелерімен байланысқа түсуіне кедергі келтіретіні, оның өз интенцияларын жүзеге асыруы.

Мазмұны

Кіріспе	3
1. Оралман балаларға тілді оқыту ерекшеліктері: мәселенің тарихы, мәні, халықаралық тәжірибе	5
2. Қазақстан мектептерінде оралман балаларға тілді оқытудың ағымдағы жағдайы	54
3. Оралман балаларға тілді оқыту мәселесі бойынша колледждер және ЖОО педагогикалық мамандықтары студенттері, педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесі тыңдаушыларына арналған курс/ арнайы курс бағдарламалары	74
4. Білім беру ұйымдарының (орта білім беру деңгейінде) оқу процесінде оралман балаларға тілді оқыту бойынша педагогтерге, мектеп басшыларына арналған ұсынымдар	79
Қосымша	109

Введение

Для разработки методических рекомендаций были определены следующие задачи:

- выяснить сущность и место понятия «иммигрант-оралман» («оралман») в системе понятий и категорий теории миграции;
- изучить отечественный опыт по обучению языкам детей-оралманов;
- изучить опыт зарубежных стран по обучению языкам детей иммигрантов;
- разработать рекомендации по обучению языкам детей-оралманов.

Понятие «оралман» вошло в научный, законодательно-нормативный и реально-бытовой обиход с обретением Казахстаном независимости. Начиная с 1991 года, во вновь образованную суверенную Республику, стали активно прибывать граждане других стран – этнические казахи, считающие Казахстан своей исторической родиной. Этот процесс шел параллельно с убытием из страны казахстанских граждан других национальностей – немцев, евреев, русских, белорусов, украинцев, поляков, молдаван, чеченцев и других. Следовательно, выяснение понятия «оралман», его экономической и социальной сущности, связано с исследованием демографических и миграционных процессов. В законе РК «О миграции населения» от 13 декабря 1997 года дается следующее определение понятию «оралман». «Оралманы – иностранцы или лица без гражданства казахской национальности, постоянно проживавшие на момент приобретения суверенитета Республикой Казахстан за ее пределами и прибывшие в Казахстан с целью постоянного проживания».

В ходе изучения отечественного опыта по обучению языкам детей-репатриантов была выявлена проблема: недостаточная разработанность единой образовательной стратегии в области обучения языкам негативно сказывается на интеграции детей-оралманов в учебный процесс. Поэтому интеграция детей-оралманов в образовательное пространство Казахстана нуждается в особом внимании как со стороны государства, так и со стороны педагогической общественности.

Зарубежный опыт таких стран как США, Франция, Финляндия, Израиль, Греция, Чехия представлен в большем объеме. Вместе с тем, обучение детей-репатриантов языкам в этих странах преследует главную цель: подготовить детей к учебе в американской, французской и др. школе.

Таким образом, вырисовывается целый ряд проблем, имеющих в области обучения языкам. Главной из них, из которой вытекают все остальные трудности, является отсутствие методических рекомендаций по обучению языкам детей-репатриантов на историческую родину.

Информационную базу разработки составили данные статистической отчетности Комитета труда, социальной защиты и миграции о количестве оралманов из иностранных государств с 1991 по 1 января 2017 года,

Национального сборника «Статистика системы образования Республики Казахстан» по данным на 1 октября 2015 года, а также материалы периодических изданий.

Теоретической основой рекомендаций послужили монографические, диссертационные работы и научные статьи зарубежных и отечественных исследователей, посвященные проблемам обучения языкам этнических репатриантов и их детей. В качестве инструментария использовались анкеты и фокус-групповое исследование.

Вопросы обучения языкам детей-оралманов в системе повышения квалификации педагогов описаны в Программах курсов/спецкурсов для студентов педагогических специальностей колледжей и вузов.

1. Особенности обучения языкам детей-оралманов: история вопроса, сущность, международный опыт.

История вопроса.

С 1991 года на историческую родину вернулись и получили статус оралмана более миллиона этнических казахов, большинство из которых прибыли из Узбекистана, являются выходцами из Китая, Монголии Туркменистана, России (таблица 1, рисунок 1).

Таблица 1 – Сведения о численности оралманов (этнических казахов)

Страна выбытия (исхода)	семей	%	чел	%
Узбекистан	176340	62,0	620004	61,6
Монголия	24712	8,69	117381	11,7
Китай	43152	15,18	121397	12,1
Туркменистан	18153	6,38	71857	7,1
Россия	12318	4,33	38073	3,8
Таджикистан	2827	0,99	11812	1,2
Кыргызстан	2976	1,05	10004	1,0
Иран	1266	0,45	6329	0,6
Турция	947	0,33	3585	0,4
Др страны ТМГ	445	0,16	1145	0,1
Др страны дальнего зарубежья	1225	0,43	4886	0,5
Всего	284361	100	1006473	100




Рисунок 1 – Сведения о численности оралманов (этнических казахов, %)

Постановлением Правительства РК от 8 июля 2014 года № 783 были определены регионы расселения оралманов, куда не входят гг. Астана и Алматы.

Наибольшее количество оралманов расселились в Южно-Казахстанской, Алматинской, Мангистауской, Жамбылской областях (таблицы 2-4).

Из общего количества прибывших лица трудоспособного возраста составляют 55,6%, дети до 18 лет – 39,9 % и пенсионеры – 4,5 %.

Большинство оралманов трудоспособного возраста имеют общее среднее образование (60,8%), 20,5% получили среднее специальное образование, 8,7% оралманов имеют высшее образование и 9,9% не имеют образования (по сведениям [1]).

Обладатели статуса оралмана пользуются всеми социальными льготами, предусмотренными в Законе РК «О миграции населения». Для оказания адаптационных и интеграционных услуг в городах Актау, Караганда и Шымкент, а также в селе Аксукент Южно-Казахстанской области функционируют центры адаптации и интеграции оралманов. Реализуемые в центрах программы адаптации предусматривают консультирование по правовым вопросам, обучение государственному языку и по желанию – русскому, профессиональную подготовку, переподготовку и повышение квалификации.

Оралман - этнический казах, постоянно проживавший на момент приобретения суверенитета Республикой Казахстан за ее пределами, и его дети казахской национальности, родившиеся и постоянно проживавшие после приобретения суверенитета Республикой Казахстан за ее пределами, прибывший (прибывшие) в Республику Казахстан в целях постоянного проживания на исторической родине и получивший (получившие) соответствующий статус в порядке, установленном Законом Республики Казахстан «О миграции населения» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 11.07.2016 г.) [2].

Само понятие «оралман» (в переводе на казахский означает «возвратившийся») уникален, потому что в мировой практике оно неизвестно.

Понятие «оралман» вошло в научный, законодательно-нормативный и реально-бытовой обиход с обретением Казахстаном независимости. Начиная с 1991 года, во вновь образованную суверенную Республику, стали активно прибывать граждане других стран – этнические казахи, считающие Казахстан своей исторической родиной. Этот процесс шел параллельно с выбытием из страны казахстанских граждан других национальностей – немцев, евреев, русских, белорусов, украинцев, поляков, молдаван, чеченцев и других. Следовательно, установление понятия «оралман», его экономической и социальной сущности, связано с исследованием демографических и миграционных процессов.

Таблица 2 – Сведения о расселении оралманов (этнических казахов)

Страна выбытия	Акмолинская		Актюбинская		Алматинская		Атырауская		ВКО	
	сем	чел	сем	чел	сем	чел	сем	чел	сем	чел
Узбекистан	3624	15472	6564	33603	28855	78913	4895	20581	1247	4702
Монголия	5011	24753	473	2861	4712	17695	97	664	2214	13998
Китай	1297	3633	124	728	23861	64106	51	67	12265	39113
Туркменистан	53	233	485	2427	645	2200	94	342	15	69
Россия	846	3023	906	2859	612	1317	757	1390	114	304
Таджикистан	18	65	11	33	66	201	11	82	21	97
Кыргызстан	61	234	10	24	689	1454	11	27	33	184
Иран	0	0	17	46	65	446	0	0	0	0
Турция	2	5	0	1	481	1718	0	0	0	0
Др страны СНГ	7	12	0	3	81	193	6	15	5	31
Др страны дальнего зарубежья	5	7	0	0	108	450	14	64	8	33
всего	10924	47437	8540	42585	59175	168695	5936	23232	15922	58531

Таблица 3 – Сведения о расселении оралманов (этнических казахов)

Страна выбытия	Костанайская		Кызылординская		Мангистауская		Павлодарская	
	сем	чел	сем	чел	сем	чел	сем	чел
Узбекистан	6906	24676	3925	18714	18221	66803	2784	12294
Монголия	894	5047	114	876	118	943	2942	14853
Китай	2	2	4	9	5	32	65	180
Туркменистан	12	39	59	275	14744	57268	2	25
Россия	1145	3015	74	148	825	2629	1684	4737
Таджикистан	10	37	30	139	2	5	1	0
Кыргызстан	11	35	86	313	22	50	6	13
Иран	0	0	4	23	434	1769	1	2
Турция	0	0	14	54	72	351	0	0
Др страны СНГ	24	57	6	7	6	14	191	551
Др страны дальнего зарубежья	0	0	4	20	67	372	1	8
всего	9004	32908	4320	20578	34516	130236	7677	32663

Таблица 4 – Сведения о расселении оралманов (этнических казахов)

Страна выбытия	Жамбылская		ЗКО		Карагандинская		СКО		ЮКО		Алматы		Астана	
	сем	чел	сем	сем	чел	сем	чел	сем	чел	сем	чел	чел	чел	сем
Узбекистан	17969	81172	2511	2555	12227	62245	192838	1446	3770	2408	6126	13816	11186	34297
Монголия	35	201	4	2359	12350	18	42	282	1125	706	2114	5	4783	19854
Китай	500	1931	5	37	73	148	273	1326	3216	2166	4019	32	1296	3981
Туркменистан	923	3600	22	8	23	912	4557	67	283	77	288	76	35	152
Россия	106	243	1520	2185	10604	354	761	269	612	752	2272	3766	169	393
Таджикистан	190	728	14	4	11	2406	10249	32	90	7	21	43	4	11
Кыргызстан	1251	5218	21	14	54	176	511	189	561	189	593	72	207	661
Иран	38	186	0	0	0	697	3839	10	18	0	0	0	0	0
Турция	1	5	0	0	0	282	1164	90	270	4	14	0	1	3
